
*АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ
ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ*



***ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ:
ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ***

● *ақпараттық-әдістемелік журнал* ●

№3(33)

2023 жыл, 28 қыркүйек

«Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журнал

Меншік иесі: «Ақтөбе облысының
тілдерді дамыту басқармасы» ММ

Бас редактор: м.а. М.Жанасова

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 2016 жылғы 15 сәуірдегі №15956-Ж куәлігін алған.

Басылым мерзімділігі: 3 айда 1 рет.

№3 (33) саны
қазан 2023 жыл

Таралымы 80 дана

Тапсырыс № 535

Баспахана атауы:
ЖК «Полиграфия»

Мекен-жайы:
**Қазақстан Республика,
Ақтөбе қаласы,
Т.Рысқұлов көшесі, 190.
Тел.: 8701 276 90 15
E-mail: a-poligraf2002@mail.ru**

Редакция мекен-жайы:
**Ақтөбе қаласы,
Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А»
Тел.: 8 (7132) 55-83-45
E-mail: ortaluktil@mail.ru**

Авторлардың стилі, орфографиясы сақталады. Ақпараттардың нақтылығы мен ақиқаттығына редакция жауап бермейді.





МАЗМҰНЫ

| | | |
|-------------------------|--|----|
| | ТІЛТАНЫМ | |
| К.Х.Сергазина | Мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту | 5 |
| С.Қажыақбарқызы | Түркі тілдеріндегі туыстық атаулар | 7 |
| Ж.Камаш | | |
| | РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ | |
| А.С.Нұржанова | Латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы | 11 |
| | ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ | |
| Б.Ж.Койшыгулова | Оқушыларды әдебиет сабағынан ғылыми-ізденіс жұмысына баулу | 12 |
| М.К.Стаханова | Чтение – это один из истоков мышления и умственного развития | 13 |
| Ч.Ч. Черкешбаева | Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы | 15 |
| М.Қ.Сансызбаева | Көркем шығармалар арқылы оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру | 17 |
| | ҮЗДІК САБАҚ | |
| С.А.Аленова | «Алтынемел» ұлттық саябағының кереметі | 19 |
| А.Ж.Зинолла | Пулеметші батыр қыз | 21 |
| Э.Е.Баенова | Отан отбасынан басталады | 25 |
| К.Т.Жумабаева | М.Қабанбай «Бауыр» әңгімесі | 27 |
| Д.М.Имжарова | Мы рисуем | 29 |
| Н.А.Имашева | Дружба – богатство бесценное | 30 |
| Z.Kadirimbetova | Communication and technology | 33 |
| К.К.Каирова | Short term plan | 36 |
| А.Қ.Маратова | Су – табиғат құбылысы | 39 |
| А.К.Қушербаев | Односоставные предложения | 41 |
| М.Кенетаева | Places in town | 43 |
| Т.К.Хасанова | «Знакомый незнакомый мир природы» | 46 |
| С.К. Нурпейсова | Абай Құнанбаевтың қара сөздерінің бүгінгі күнмен үндестігі | 48 |
| А.С.Сейдалиева | «В мире интересного» | 50 |
| Ә.Ә. Сүйналина | Нұрдаулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» | 54 |
| Н.Т.Нұрадин | Туризм саласы: Өткені мен бүгінгі | 56 |
| К.Калибекова | «Отырар кітапханасы» | 60 |
| Т.Маруақызы | «Ұшқан ұя» әңгімесі | 62 |



| | | |
|--------------------------------------|--|-----|
| Г.Н.Мұхамеджанова | «Білгірлер» сайысы | 65 |
| А.А.Басенова | К.Паустовский «Телеграмма» | 67 |
| А.С.Нұржанова | Олимпиада ойындары | 69 |
| М.Ж. Байсейтова | Барыс септігі | 72 |
| ТӘРБИЕШІ ЖАЗБАЛАРЫ | | |
| М.М.Тажбагамбетова | «Үй жануралары» | 75 |
| С.С.Боранбаева | «Сықырлы сандар» | 76 |
| Г.М.Дербісалина | Күз береке, күз мереке | 77 |
| И.Н.Назарова Н.М.Қушекеева | Влияние творчества великого просветителя в воспитании подрастающего поколения | 79 |
| Ж.К.Джанаисова Н.А.Гречман | Традиции и культура народа в воспитании детей дошкольного возраста | 83 |
| Г.Б.Дарбаева А.М.Шонаева | Қош келдің, Жаңа жыл! | 85 |
| А.О.Даухаренова | Қысқы орманға көмек | 86 |
| Ш.Е.Елеманова | «В гостях кукла Лола» | 87 |
| Р.Б.Жанабаева | «Ғажайып математика елінде» | 89 |
| А.С.Жантлеуова | «Күзгі жапырақтар» | 90 |
| С.А.Жусупова | Қыс кереметі | 91 |
| Н.Т.Кангожина | «Қоянның үйшігі» | 92 |
| К.К.Қужанова | «Ақылды балапан» ертегісі | 94 |
| И.Мешітханқызы | «Бала тілі – бал» | 95 |
| Қ.А.Нұржауова | «Көліктер әлемі» | 96 |
| С.Н.Құдайбергенова | Ертегілер әлемі | 97 |
| ХАБАРЛАНДЫРУЛАР ТАҚТАСЫ | | 100 |





ТІЛТАНЫМ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС ТІЛІ РЕТІНДЕГІ РӨЛІН КҮШЕЙТУ

К.Х.СЕРГАЗИНА,

*Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының
Тілдерді оқыту орталығы директоры*

Кезкелген мемлекеттің тіл саясаты – қоғамның жүйелі дамуының алғышарты, әрі саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ететін ықпалды күш болып табылады.

Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – мемлекеттік тілді меңгерту, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту үшін мейлінше жағдай жасау, тілдерді дамытуды насихаттау арқылы мемлекеттік тілді меңгеруді бәсекелестік факторына айналдыру.

2021 жылы республикада жүргізілген Ұлттық санақтың қорытындысы бойынша, бүгінгі күні Ақтөбе облысы тұрғындарының 85%-ын жергілікті ұлт өкілдері құрайды. «Сана» тәуелсіз ақпараттық - аналитикалық орталығы жүргізген әлеуметтік зертеу бойынша, облыс халқының мемлекеттік тілді әр түрлі деңгейде меңгерген ересектер үлесі 95%-ға жетсе, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмір салаларында қолданылу деңгейі 80% құрап отыр.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде, аталған әлеуметтік зерттеу қорытындысы бойынша, тұрғындардың басым бөлігі (91%) облыста тілдерді меңгеру үшін барлық жағдайлар жасалған, жүргізіліп отырған тілдік саясаттың көңілдерінен шығатындарын көрсетті.

Облыста оңтайлы тілдік ахуал қалыптастырылған. Бұл ретте жоспарлы түрде жүргізіліп келе жатқан түрлі форматтағы шаралардың, тіл үйрету курстарының ықпалы зор болып отыр.

Облыста ересек азаматтарды тегін және жедел оқытудың толыққанды тиімді жүйесі құрылды. Тіл үйретудің табиғи түрі – тілдік курстар болса, облыста Ақтөбе қаласында және облыстың 3 орыстілді орта қалыптасқан Хромтау, шекара бойындағы Қарғалы, Мәртөк аудандарында мемлекеттік тілді үйрету курстары үздіксіз ұйымдастырылып келеді.

Тілдерді оқыту орталығы құрылған 2007 жылдан күні бүгінге дейін 20 268 ересек тұлғаны мемлекеттік тілді оқыту курсымен қамтыды.

Тыңдаушыларымыздың санаттарына келетін болсақ:



- а) мемлекеттік қызметшілер - 11 347 (55,9%);
- б) халыққа қызмет көрсету саласы қызметшілері – 6 325 (32%);
- в) жеке тұлғалар – 2 597 (12,8%).

Орталық ұжымы тілдік курстарды онлайн/офлайн форматтарында ұйымдастырады және оқу үдерісі қазақ тілін меңгерудің тілдік құзыреттіліктері Ұлттық стандарттарға сәйкес 5 деңгей бойынша, қазақ тілін шеттілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі негізінде жүргізеді. Сонымен қатар, тыңдаушылардың, қызмет ерекшеліктеріне сай, қысқа немесе ұзақ мерзімді курс бағдарламаларын таңдау мүмкіндіктері бар:

1. Ересектерге арналған ұзақ мерзімді курс – 100 сағат.
2. Мемлекеттік тілден салалық қысқа мерзімді курстар:
 - а) Әскери құрылымдарға арналған курс – 72 сағат.
 - б) Медицина қызметкерлеріне арналған курс – 72 сағат.
3. Орталықтың «Қандасым» жобасы аясында шетелдегі (көрші мемлекеттің Орынбор, Орск, Самара, Екатеринбург, Қорған, Мәскеу, Челябин) қалаларынан) қазақ диаспорасына арналған «Тілашар» курсы – 60 сағат.

Оқытудағы басты мақсатымыз: тіл үйренушінің сөйлеу белсенділігін арттыру, алған білімдерін қызметте, тұрмыста пайдаланып, қолданысқа енгізе алуы, тілдік ортаға еркін енуіне ықпал ету. Қазақ тілі оқытушылары тіл үйрету үдерісінде, сабақ түріне қарай, заманауи интерактив әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды кеңінен қолданады. Атап айтсақ, «Quizizz, Canvas, Class Marker т.б» платформаларын, «Emle.kz», «TilMedia» сайттарын «Тілқұрал» мобилді қосымшаларын пайдаланады.



Тіл үйрету курсына қатысқандардың алған білімі бойынша мемлекеттік тілді қолдану және оқыту сапасына қанағаттану деңгейіне жүргізілген зерттеу нәтижесінде, респонденттердің 73,5%-ы жұмыс орнында, 74,5%-ы отбасында, 78%-ы құжат рәсімдеуде мемлекеттік тілді қолданатыны, ал оқыту сапасына 74% - толығымен қанағаттанатыны, 24% - белгілі бір деңгейде, 2% - қанағаттанбайтыны туралы пікір білдірді.

Тіл үйрету жұмысымыздың тағы бір қыры - қашықтан оқыту жүйесі. Өз бетімен тіл үйренемін деген ынталы азаматтар үшін мемлекеттік тілді қашықтан оқыту – ересек тұлғаның уақытты үнемдеуіне, мемлекеттік тілді тегін үйрену құқығын жүзеге асыруына, ақпаратқа жылдам қол жеткізуіне, тұратын жеріне қарамастан тіл оқытушысымен жылдам кері байланыс жасауына жол ашады. Орталықтың «*Til-Aktobe.kz*» ақпараттық сайтында, ютуб платформасындағы «*Til Aqtobe*», «*Тілдерді оқыту орталығы*» телеграм каналдарында деңгейлер бойынша қазақ тілі сабақтары, тесттік тапсырмалар, бейнесабақтар топтамалары орналастырылған.

Сонымен қатар, Тілдерді оқыту орталығы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, мемлекеттік тілді үйренуге қызығушылықтарын арттыру мақсатында этнос өкілдерінің белсенді қатысуымен түрлі форматтағы шаралар кешенін жүзеге асырып келеді (семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, т.б.).

Бүгінгі күні тіл саласында қол жеткізілген жетістіктермен бірге мемлекеттік тілдің өз дәрежесінде қолданылуына кедергі келтіріп отырған жүйелі проблемалық мәселелер де бар. Кез келген тіл қоғамда оны қолдануға қажеттілік болған жағдайда ғана дамитыны ғылыми дәлелденген.

Жуырда саяси ғылымдардың докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір мырзаның осы жылғы 4 тамызда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаласын оқыдым, қоғамдағы тіл төңірегіндегі өзекті мәселелер өте жақсы қозғалған «ана тіліміздің мемлекеттік мәртебесін елеулі түрде жоғары көтеретін, оның қолданыс аясын барынша кеңейте түсетін пәрменді құқықтық нормалар мен шаралар аса қажет» - деп атап көрсетілген. Қолданыстағы тіл туралы заңға өзгерістер енгізетін уақыт жеткен сияқты, себебі мемлекеттік тілді қажеттілікке айналдыру, оның мемлекеттік дәрежесіне сәйкес жұмыс істеуіне, тіл туралы заңнаманың бұзылғаны үшін жауапкершілікті күшейту ісінде қолданыстағы тіл туралы заңнамада орын алған құқықтық олқылықтар кедергі тудыруда. Курс тыңдаушыларының көбі жастар, себебі олар еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін, қызметте мансап сатысымен жоғары көтерілу үшін мемлекеттік тілді білу қажет екенін түсінді.

Өз кезегінде әрбір азамат мемлекеттік тілге жауапкершілікпен қарап, оны өз деңгейінде қолданып, қажеттілікке айналдыруы тиіс. Бұл қадам Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, қазақ тілін ұлттаралық қатынас тіліне көтеруге жол ашар еді.





ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАР

София ҚАЖЫАҚБАРҚЫЗЫ

филология ғылымдарының кандидаты
Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық
ғылыми-практикалық орталығы
Қолданбалы лингвистика бөлімінің басшысы
otarovask@mail.ru

Жазира КАМАШ

филология ғылымдарының магистрі
QAZBILIM ұлттық лицейі
Ағылшын тілі мұғалімі
kamash.zhazira@gmail.com



Түркі тілдерінің жалпы лексикалық элементтерін зерттеу мәселесі алтаистика саласына жатады. Бұл тұжырым түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінің генетикалық байланысынан туындайды.

Салыстырмалы тұрғыдан зерттеген В.Л.Котвич бұл тілдердің морфологияда шамамен 50% және лексикада 25% ортақ қасиеттері бар деген қорытындыға келген [1; 5].

Бұл мәселе бойынша көптеген жұмыстар жазылды, осы бағытта тұрақты конференциялар мен зерттеулер жүргізілді деуге болады, дегенмен көптеген еңбектерге қарамастан, алтаистика мәселелері күні бүгінге дейін өзекті болып қала береді.

Туыстас тілдер лексикасы – ашық жүйесі бар, ататілді (праязык) қайта қалпына келтіретін күрделі деңгей. Оның бұған дейінгі жаңғыртылатын екі тілдік деңгейі бар: ол – тілдің фонетикасы мен морфологиясы. Лексиканы қайта қалпына келтіру осы екі деңгейден басқа, үшінші деңгейді – сөз семантикасына да ықпал етпей қоймайды [2; 5].

Туыстық терминдерді білдіретін лексиканың жалпы қолданыстағы сөздерден айырмашылығы, көп жағдайда, арнайы ұғымдармен байланысты болады. Олар окшауланбай, жалпыға түсінікті, күнделікті қолданыстағы сөздермен бірлікте қолданылады. Туыстық атауларды білдіретін лексика әлеуметтік-тарихи, экономикалық, мәдени, діни және басқа факторлардың тікелей әсерінен қалыптасып, ғасырлар бойғы тарихи даму процесінде пайда болған күрделі жүйе болып табылады.

Түбі бір түркі жұрты географиялық және саяси мән-мазмұны тұрғысынан әртүрлі ортада жеке-дара тіршілік құрып жатқаны белгілі жағдай. Ғасырлар бойы бір-бірінен қол үзіп, алыста жатса да тілі, ділі, діні, тарихы және мәдениеті ортақ түркітілдес ұлттар мен ұлыстарды бір-бірімен байланыстырып келген олардың рухани жақындықтары еді. Осындай рухани қазынасы бір түркі жұртының өзара

қарым-қатынаста болуы түркі тілдерінің қолданыс аясын кеңейтуде.

Түркі тілдеріне ортақ сөздерге сол кездегі жалпытүркілік көне лексикадан сақталып қалған, осы күні түркі тілдерінің бәрінде кездесетін сөздер жатады. Жалпытүркілік сөздерден түркі тілдерінің туыстығы, сайып келгенде, сол тілдерде сөйлейтін халықтардың шыққан тегінің бір екендігі дәлелденіп келеді.

Туыстық атаулар – өзінің ғасырлар қойнауына кететін терең тарихымен, жүйелі құрылымымен, мәдениетаралық коммуникация үшін ерекше маңызды танымдық құндылықтарымен ерекшеленетін сөздер тобы [3; 197].

Қазақ халқының туыстық терминдерін өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты тұрғысынан салыстыру қағидасы – қырғыз, өзбек, түрік және ұйғыр халықтарына да ортақ. Тілдегі сөздік құрамның маңызды бөлігі бола тұра, туыстық атаулар тілдің ішкі даму заңдылықтарымен айқындалатын лингвистикалық ерекше құбылыс болып табылады.

Туыстық атауларды зерттеушілердің ғылыми еңбектеріндегі пікірлеріне сүйене отырып, негізінен, тілдік қызметіне және қолданылуына қарай екі түрге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – *потенциалды атаулар*, яғни сирек қолданылатын немесе қажеттіліктің тууына қарай оңай жасалатын туыстық атаулар. Екіншісі – *негізгі туыстық атаулар*, яғни ұдайы қолданыста жүретін белсенді туыстық атаулар тобы. Біз осы бес ұлтқа ортақ негізгі 17 туыстық атауды және қазақ тілінен өзгеше қалған төрт ұлтқа ортақ 4 туыстық атауды зерттеу нысанына алып отырмыз.

Төмендегі кестеде туыстық атаулардың номинативтік ұқсастықтары мен айырмашылықтары 7 категорияға топтастырылып, өзара салыстырылып, статистикалық мәліметтер берілді.



1- Кесте, Туыстық атаулардың сәйкестігі

| Категория (генетикалық белгі бойынша) | | | | | | | Intergenerational level | Kinship established by blood or marriage | Direct or indirect kinship | The gender of kinship | Gender within the kinship | Kinship related to age differences within the same generation. | kinship according to life expectancy |
|---------------------------------------|------------|-----------|----------------|--------------|-------------|----------|-------------------------|--|----------------------------|-----------------------|---------------------------|--|--------------------------------------|
| Туыстық атау | | | | | | | | | | | | | |
| Қазақша | Қырғызша | Өзбекше | Түрікше | Ұйғырша | | | | | | | | | |
| 1 | Ата | Чоң ата | Bobo, buva | Dede | بوۋا | Боуа | + | - | + | + | - | - | - |
| 2 | Әже | Чоң эне | Momo, buvi | Ebe | موما | Мома | + | - | + | + | - | - | - |
| 3 | Әке | Ата | ota, dada | Baba | دادا / ئاتا | Дада/ата | + | + | + | + | + | - | - |
| 4 | шеше/ана | Эне/апа | ona, opa | Anne | ئانا / ئانا | Ана/апа | + | + | + | + | + | - | - |
| 5 | Бала | Бала | Bola | Çocuk | بالا | Бала | - | - | + | - | - | - | - |
| 6 | Ұл | Уул | O'g'il | Oğul | ئوغۇل | Ұғұл | - | + | + | + | - | - | - |
| 7 | Қыз | Кыз | Qiz | Kız | قىز | Қіз | - | + | + | + | - | - | - |
| 8 | Аға | Ата | Aka | Ağabey | ئاكا | Ака | - | - | + | + | - | + | - |
| 9 | іні/бауыр | Ини | Ini, uka | Erkekka rdeş | ئۇكا | Ұка | - | - | + | + | - | + | - |
| 10 | әпке/апа | Әже | Opa | Abla | ئاچا / ئاچا | Ача/һәдә | - | - | + | + | - | + | - |
| 11 | Сіңлі | Синди | Singil | Kız kard eş | سىڭىل | сіңіл | - | - | + | + | - | + | - |
| 12 | Келін | Келин | Kelin | Gelin | كېلىن | Килін | - | + | + | + | + | + | - |
| 13 | күйеу бала | Күйөөбала | Kuyov bola | Damat | ئوغۇلكۆيۈ | Күйүғұл | - | + | + | + | + | + | - |
| 14 | Жезде | Жезде | Ezna | Enişte | يېزىدە | Иэзнә | - | + | + | + | + | + | - |
| 15 | Жеңге | Жене | Yanga, kennoyi | Yenge | يىڭگە | Ияңгә | - | + | + | + | + | + | - |
| 16 | Немере | Небере | Nevara, nabira | Torun | نۆرە | Нәурә | + | - | + | - | - | - | - |
| 17 | Жиен | Жээн | Jiyan | Yeğen | جىيەن | Жиэн | + | - | + | - | - | - | - |
| | | | | | | | 6 | 8 | 17 | 14 | 6 | 8 | 0 |
| | | | | | | | 35,29% | 47,06% | 100% | 82,35% | 35,29% | 47,06% | 0% |

Жоғарыдағы кестеде «+» белгісі осы туыстық атаудың осы категорияда өзіндік ерекшелікке ие екендігін көрсетсе, ал «-» белгісі осы туыстық атаудың осы категориядағы заңдылыққа ие еместігін көрсетеді.

Сонымен кестеде берілген 17 туыстық атаудың генетикалық белгілері бойынша 7 категорияға топтастырсақ, төмендегідей айырмашылықтарды байқауға болады:

1) *Ұрпақаралық деңгей*– туыстық атаулардың ажырамас құрылымдық қағидаты әрі неке құруға байланысты пайда болған қатынастарды үйлестіруші фактор. Негізгі туыстық атауларды қалыптастыруға өзек болады. Салыстырылып отырылған қазақ, қырғыз, өзбек, түрік және ұйғыр тілдеріндегі негізгі 17 туыстық атауда ұрпақаралық деңгей көрсеткіші – 35,29%. Мұнда “*ата, апа, әке, ана/ шеше, немере, жиен*” деген 6 туыстық атауда ғана ұрпақаралық деңгей айқын көрінеді де, қалған 11 туыстық атауда бұл ерекшеліктің көрінісі төмен.

2) *Қандық байланыс немесе неке құру арқылы қалыптасқан туыстық байланыс*. Салыстырылып отырған туыстас тілдердегі негізгі туыстық атаулардың тек 47,06% ғана осы категория қағидатына бағынады.

3) *Тіке немесе жанана туыстық байланыс*. Қазақ, қырғыз, өзбек, түрік және ұйғыр тілдеріндегі

17 туыстық атаудың ұқсастығы осы категорияда 100 пайызды көрсетеді.

4) *Аталған туыстың жынысы*. Осы категорияда аталған тілдердің көрсеткіші жоғары 82,35% тек бала, немере, жиен атаулардан басқасының барлығының жынысы белгілі.

5) *Туысаралық жынысы*. Салыстырылып отырған тілдердің осы категория бойынша сәйкестік көрсеткіші 35,29%-ды құрайды, ол ұқсастықтар *әке, ана, келін, күйеубала, жезде, жеңге* атаулары арасында байқалады.

6) *Бір ұрпақ ішіндегі жас айырмашылығына қатысты туыстық байланыс*. Осы категориядағы туыстық атаулардың номинативтік және семантикалық сәйкестігі 47,10%-ды көрсетті, мұндай ұқсастық бір ұрпақ деңгейін атайтын 8 терминді қамтиды.

7) *Аралық туыстың өмір сүру ұзақтығына қатысты туыстық байланыс*. Бұл категория бойынша «А» мен «Ә»-ні байланыстырып тұрған «Б»-ның тірі немесе тірі еместігі, «А» мен «Ә»-нің арасындағы туыстық атауға әсер етпейді, яғни айырмашылығы 0%-ды құрайды.

Қорыта айтатын болсақ, салыстырылып отырған тілдердің негізгі туыстық атауларында ұқсастықтар көп. Әрине айырмашылық та кездеседі. Бұл айырмашылық төмендегі кестеде көрсетілген.



2-кесте, Негізгі туыстық атаулардың лексемалық айырмашылығы

| Туыстас тілдер | түрік | өзбек | қырғыз | ұйғыр |
|-----------------------------------|-------|-------|---------|-------|
| әкесінің ағасы немесе інісі | Amca | Amaki | Аба | Таға |
| әкесінің әпкесі немесе қарындасы | Hala | Amma | Аба әже | Һамма |
| шешесінің ағасы немесе інісі | Dayi | Tog'a | Таға | |
| шешесінің әпкесі немесе қарындасы | Teyze | Xola | Тай әже | Һамма |

Туыстық атауларды жүйелілік қағидаты тұрғысынан салыстырсақ, осы бес тілде де туыстық атаулар жүйелілік сипатқа ие, барлығы да «отбасы» лексемасының өзектік (ядролық) негізін құрайды. Бұл – қазақ тілінің басқа төрт туыстас тілдерден (түрік, қырғыз, ұйғыр, өзбек) айырмашылығы. Мәселен, әкеңнің бауырларын «әке» немесе «аға» деп, анаңның бауырларына алдына “нағашы” сөзін қосу арқылы «нағашы аға», «нағашы апа» деп атаймыз [4; 70]. Ал басқа туыстас тілдердегі бұл сөздерге жеке атау берілген.

3- кесте, Туыстық атаулардың фонетикалық ерекшелігі

| | Қазақ тілі | Қырғыз тілі | Өзбек тілі | Түрік тілі | Ұйғыр тілі | |
|---|------------|-------------|----------------|------------|------------|-------|
| 1 | Жиен | Жээн | Jiyan | Yeğen | جيەن | Жиэн |
| 2 | Ұл | Уул | O'g'il | Oğul | ئوغۇل | Ұғұл |
| 3 | Қыз | Кыз | Qiz | Kız | قىز | Қіз |
| 4 | Келін | Келин | Kelin | Gelin | كېلىن | Килин |
| 5 | Аға | Ага | Aka | Ağabey | ئاكا | Ака |
| 6 | Жеңге | Жене | Yanga, kennoyi | Yenge | يەنگە | Иәңгә |

Бұл кестедегі сөздер дыбысталуы жағынан бір-біріне ұқсайды. Айырмашылық дыбыстық алмасуларда: қазақ тіліндегі дауыссыз қатаң *қ* дыбысы қырғыз және түрік тілінде *к* дыбыстарымен алмасады, ал өзбек және ұйғыр тілінде *қ* мен *к* алмасуы жоқ. Мысалы: қазақ тілінде *қыз* қырғыз тілінде *кыз* [5; 380], өзбек тілінде *qiz*, түрік тілінде *kiz* [6; 640], ұйғыр тілінде *qiz*. Сондай-ақ қазақ тіліндегі *ж* дыбысы түрік, ұйғыр және өзбек тілдерінде *и* дыбысымен алмасады. Қазақ, қырғыз, өзбек, түрік тілдеріндегі *келін* сөзінде *к* әрпінен кейін *е* жазылса, ұйғыр тілінде *e – и* әрпіне ауысады. Қырғыз тілінде екі дауысты дыбыстың қатар келуін, мәселен, *жээн* және *уул* сөздерінде байқап отырмыз. Ал өзбек, түрік, ұйғыр тілдеріндегі *ұл* сөзі *г (g) – г* дыбыстарымен айтылады. Аға сөзіндегі ұяң *г* дыбысы өзбек және ұйғыр тілдерінде қатаң *қ* дыбысына ауысады. Сондай-ақ *жеңге* сөзінің бірінші буынындағы *е* дыбысы өзбек тілінде *а* дыбысымен алмасады. Қазақ, өзбек, ұйғыр тілдерінде *жеңге* сөзінің бірінші буынында үнді *ң* дыбысы айтылса, қырғыз тілінде *г* дыбысы түсіріліп айтылады.

Келесі кестедегі туыстық атаулардың айтылуы мен жазылуын салыстырып қарайтын болсақ, сөздердің дыбыстық құрамындағы аздаған ұқсастықтар (бала – 3 тілде; жезде - 2 тілде; сiңiл – 2 тілде) мен айырмашылықтарды байқаймыз.

4-кесте, Туыстас тілдердегі дыбыстық құрамы әртүрлі сөздер

| | Қазақ тілі | Қырғыз тілі | Өзбек тілі | Түрік тілі | Ұйғыр тілі | |
|----|------------|-------------|----------------|------------|-------------|-------------|
| 1 | Ата | Чоң ата | Bobo, buva | Dede | بوۋا | Боуа |
| 2 | Әже | Чоң эне | Momo, buvi | Ebe | موما | Мома |
| 3 | Әке | Ата | ota, dada | Baba | دادا / ئاتا | Дада/ата |
| 4 | шеше/ана | Эне/апа | ona, opa | Anne | ئانا / ئاپا | Ана/апа |
| 5 | Бала | Бала | Bola | Çocuk | بالا | Бала |
| 6 | iнi/бауыр | Ини | Ini, uka | Erkekkaŗeş | ئۇكا | Ұка |
| 7 | әпке/апа | Эже | Opa | Abla | ھەدە / ئاچا | Ача/Һәдә |
| 8 | Сiңiл | Сiңди | Singil | Kızkaŗeş | سىگىل | сiңiл |
| 9 | Күйеу бала | Күйөөбала | Kuyov bola | Damat | ئوغۇلكۆيۈ | Күй ұғұл |
| 10 | Жезде | Жезде | Ezna | Enişte | يەزئە | Иэзнә |
| 11 | Немере | Небере | Nevara, nabira | Torun | ئەۋرە | Нәурә |



Сонымен жалпытүркілік сөздер түркі тілдерінде мағыналары ұқсас, жақын келгенімен, олардың дыбысталуы бірдей бола бермейді. Себебі ішкі және сыртқы саяси, экономикалық қарым-қатынастар салдарынан түркі тілдері өзіндік даму сатысын бастан өткергені мәлім. Осыған орай бұл тілдердің ғасырлар бойы қалыптасқан дыбыс жүйесіндегі ерекшеліктері бар. Олар: ортақ сөздердің басында және соңында кездесетін дыбыстық ерекшеліктер; сөздің басында не соңында екі дауысты дыбыстың қатар қолданылуы, дыбыстық алмасулар, дыбыстардың түсіп қалуы, сөздердің ортасында кездесетін дыбыстық ерекшеліктері. Дыбыстық сәйкестікке ие туыстық атауларды (мәселен: қыз, аға, іні, бала және т.б.) түркітілдес халықтардың әмбебап атаулары деп атауға болады.

Біздің ойымызша, материалдық мәдениеттің дамуы, әлеуметтік-тарихи өзгерістер, экономикалық және діни өзгерістер тілдердің сөздік құрамына әсер етеді. Уақыт өте келе сөздер қолданысқа енеді немесе қолданыстан шығып кетеді, бірақ негізгі туыстық атаулар өзгеріссіз қалады. Барлық уақытта да түркі және басқа да халықтардың сөздік қорында туыстық қатынастарды білдіретін терминдер болған және олар әруақытта да өзінің өміршендігін сақтайды. Мұндай туыстық терминдер жиі қолданылады, сол тілді қолданушы халықтың интонациясы мен орфоэпиялық ережелеріне бейімделіп, күнделікті қолданыстағы лексиканың ежелгі формаларының сақталуына негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыдыков С. Монгольско-тюркские языковые параллели. – Фрунзе: Илим, 1983. – С. 3–6.
2. Тенишев Э.Р. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика: 2-е изд., доп., кн. 4. – М.: Наука, 2001.
3. Кадашева Қ., Омарова С.К., Асанова У.О. Изучение близкородственных языков: особенности составления учебного комплекса // Вестник РУДН. Серия теория языка. Семиотика. Семантика. – Москва, 2016. – №3. – С.194-202.
4. Омарова С.К., Галымжанова З.Т. Қазақ антропонимдері мен аппелятивтік лексиканың зерттелу тарихы // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – Көкшетау, 2017. – №2. – С.69-74.
5. Киргизско-русский словарь //сост. К.К. Юдахин. – Фрунзе: Главная редакция киргизской советской энциклопедии, 1985. –504с.
6. ТьркзеСцзльк. Kollektif enginyayinevi, 2005у. –800s.





ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А.С.НҮРЖАНОВА

*Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының
Тілдерді оқыту орталығы әдіскері*

Бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб, латын графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланып келді. 1940 жылдан бері қарай кириллграфикасы әліпбиін қолдандық. Шындығы керек, бұл аралықта қазақ халқының мүддесі көзделген жоқ. Бұл алыстан ойластырылған халықты өз тарихи жадынан, тілінен, дінінен айырудың амал-тәсілдерінің бірі болатын. Дегенмен, 1924 жылы жазында Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде А.Байтұрсынов бастаған араб әрібін қолдаушылар басым түсіп, араб әрпіне лайықталған қазақ графикасы қабылданды.

Елімізде латын әліпбиіне көшу мәселесі соңғы жылдарда қызу талқыланып келе жатқан тақырыптардың бірі. Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап қазақ лингвистері мен зиялы қауымының арасында латын әліпбиіне көшудің пайдасы мен зияны туралы бірталай пікірталастар туындай бастап, әлі күнге дейін жалғасып келе жатыр.

Латын әліпбиіне көшу, сайып келгенде, ана тіліміздің қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге мүмкіндік жасап, тіліміздің қазақы айтылым мен жазылым талаптарын жүйеге түсіру деп түсіну керек. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қо-сы-лып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жа-зы-луы мен дыбысталу кезінде сөз-дер қолданысындағы артық кірме сөз-дерден арыламыз. Тіл ауыспай, таңбаның ауысуы, екіншіден, қарапайым тілмен жеткізу, сөз немесе дыбыс қалай естілсе, солай жазылуы латын әліпбиіне көшудегі негізгі ұтымдылық болады деп ойлаймын.

Қазіргі заманда латын әрпін қолдану, ең алдымен, заман талабы болып отыр. Латын әліпбиінің қолданыс аясы да, мүмкіндігі де зор болып, үлкен беделге ие болып отыр. Дүние жүзінде ақпараттың басым бөлігі ағылшын тілінде таратылатыны да белгілі.

Бұл мәселенің компьютердің тілі, техниканың тілі, әуежайдың тілі латын жазуында екендігі сияқты артықшылықтары айтпаса да түсінікті жақтары делік. *Бірінші кезекте*, латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғырудың ең шешуші қадамы. Демек,

өз құрамында орыс әріптерін түгел қамтыған 42 әріптік әліпбиден өзгелік дыбыстарды таңбалайтын әріптерді шығарып, өз төл дыбыстарымызды бекемдеп алудың мүмкіндігі. Бұл өз тәуелсіздігіне қол жеткізген кез келген мемлекеттің әдетте қолға алатын бірінші шарасы. *Екіншіден*, шетелдерде туып өсіп, өмір сүріп жатқан қандастарымыз елдің тыныс-тіршілігімен тыныстап отыра алатын болады. *Үшіншіден*, әртүрлі жазуда отырған түркі әлемімен де өзара байланыс нығая түсетін болады. Себебі, қазір түркі жұртшылығының көбі латын жазуында, бір-бірімізді оқып түсінісе кету бұрынғыдан гөрі әлдеқайда жеңілдейді. Жаңа әліпбимен жазу-сызуымыз орнықты қалыптасып кетіп жатса, бұл осындай үлкен мақсатта біріктіру функциясын атқаратын болады.

Сондықтан да заманауи технологияларға тәуелді екенімізді мойындап, кез келген жаңа дүниелермен санасуымыз жөн сияқты.

Әлемдегі халықтың 80 пайызы қолданатын латын әрпіне көшу озық инновациялар мен жаңа заманауи технологияға жақындаудың жолы. Жастарымыз да осы арқылы электрондық ақпарат құралдарын да жылдам игеретін болады.

Латын әліпбиіне көшу - еліміздің білімді жастарының қатарының көбеюіне, қазақ жастарының әлемдік деңгейдегі биік белестерден көрінуіне және дүние жүзіндегі жастармен тіл табыса алатын деңгейде болуына, кез келген ақпаратты, ғаламдық өзгерісті жастар түпнұсқадан алып, оқи алу дәрежесіне дейін көтерілуіне қолдау болып табылады.

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, же-місі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, бо--лашақ еліміз үшін әлдеқайда ма-ңыз-дырақ.

Латын әліпбиіне көшу арқылы халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, біздің заманымызға жеткен сөз өнерін, қазақ әдебиетінің қайталанбас асыл мұрасын әлемге танытуға жол ашылып, қазақ елін әлем мемлекеттерімен жақындастырып, жарқын болашаққа бастайды деп үміттенемін.

Нәбижан Мұхамедханұлы: Біз «латын әліпбиі бола ма, болмай ма» деп емес, қалай атқарамыз дегенге ғана жұмылуымыз керек.



ОҚУШЫЛАРДЫ ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНАН ҒЫЛЫМИ-ІЗДЕНІС ЖҰМЫСЫНА БАУЛУ

Б.Ж.КОЙШЫГУЛОВА,

*№3 Алға қазақ орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Дарынды жастар – еліміздің жарық жұлдызы. Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев: «Бізге керегі – шын дарындар. Нарық қол-аяғымызды қалай қыспасын, мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, дарабоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті», - деп еліміздің болашағы жастарға үлкен сенім артқан болатын. «Дарындылық тұжырымдамалары» атты психологтар дайындаған құжатта «Дарынды бала дегеніміз – айрықша жетістіктерімен ерекшеленетін және іс-әрекет барысында сондай жетістіктерге ұмтылатын бала» делінген.

Дарынды деп психология ғылымында адамның бір іске айрықша қабілеттілігі, өмірдің қандай да бір саласында өзін ерекше бір қырынан көрсетуін айтады. Бала бойындағы дарындылық, ғылымилық қабілетін ашу, жақсы танымдық қасиеттерін зерттеу, айқындау – заман талабы. Оқытудың оң нәтижесі – өз ойын дәлелдей алатын, жан-жақты білімді, білімін жүзеге асыра алатын, қалыптасқан өзіндік азаматтық көзқарасы бар іскер, ақылды, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру. Ол үшін белгілі бір жоба болуы шарт. Оқушының дарындылығын айқындау мен шығармашылық дарындылығын зерттеп анықтау үшін белгілі бір бағыт-бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу қажет. Жеке тұлғаны (дарындыны) жалпы сынып оқушылары арасынан табу, іздеу – мұғалімнің жұмыстануын қажет етеді. Оқушыларға білім деңгейінен күрделірек әртүрлі тапсырмалар беру арқылы қабілетін бақылап, сынақтан өткізу керек.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушыларды ғылыми-зерттеу ізденістеріне баули отырып, ойы ұшқыр, көкірегі ояу шәкірттер дайындауға болады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқушыларды ғылыми ізденіске баулу үшін:

1. Пәнді қазіргі қоғам талабы- білім берудің кіріктірілген бағдарламасына сай өмірмен байланыстыра оқыту;

2. Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері мен жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану;



3. Шығармашылық жұмыстарды жүйелі әрі тұрақты түрде жүргізу;

4. Сыныптан тыс оқу, үйірме жұмыстарын шығармашылықпен жүргізу;

5. Оқушыларды түрлі пәндік-зияткерлік сайыстарға жиі қатыстыру;

6. Оқырмандар клубын, дебат клубын ұйымдастыру;

7. Пәндік олимпиадаларға, эссе байқауларына - дайындау және қатыстыру;

8. Ғылыми конференцияға, ғылыми жобаға қатыстыру керек.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде кіріктірілген білім беру бағдарламасы бойынша 11-сыныптың әдебиет пәнін оқытуда мына мақсаттар қамтылған:

- Қазақ әдебиетіндегі шығармаларды әлем әдебиетіндегі шығармалармен салыстырып, әртүрлі әлеуметтік орталарда өз пікірін логикалық тұрғыдан жүйелі айтады;

- Хикаят, поэма, драма, романдардағы көтерілген мәселелерді түсініп, әлемдік деңгейдегі шығармалармен салыстырып, креативті ой айтады;

- Шығармадағы басқа ұлттың және жалпыадамзаттық құндылықтардың ерекшелігін зерттейді, өз халқының құндылықтарымен ұштастырып, түрлі ортада еркін қолданып айтады;

- Шығарманың құрылымын басқа авторлардың шығармаларымен салыстыра оқиды;

- Ақын-жазушының өзіндік қолтаңбасын, стилін анықтайды, оқиды;

- Мәтіннің түрлі интерпретацияда берілуін ажыратады, талдап, талқылап оқиды;

- Шығарманың негізгі ойын кең көлемде пайдаланып, ғаламдық шығармаларымен байланысты-



рып, ойын дәлелдеп жазба жұмыстарын шығармашылықпен жазады;

- Көркем шығармадағы белгілі бір тақырыпта ғаламдық деңгейдегі дәйектерді жинақтап, креативті эссе жазады;

- Белгілі бір шығармадан тақырыпқа байланысты шығарманың маңыздылығын әлеуметтік-мәдени тақырыпқа сәйкес зерттеп, өмірдегі мәселелермен салыстырып креативті жоба жазады.

Әдебиет пәні бойынша білім сапасын арттырып, бала дарынын дамытуда оқушыларға үнемі үш бағытта тапсырма беруге болады. Яғни, блум жүйесі бойынша:

Білу және түсіну: Көркем шығарманы түсініп оқу. Композициялық құрылысына талдау.

Анализ және интерпретация. Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беру, шығарма тіліне талдау, (теңеу, эпитет, метафора т.б.) анализ жасау.

Салыстыру және бағалау. Шығарманың сюжеттік құрылымын басқа авторлардың шығармаларымен салыстырады, ұқсастығы және айырмашы-

лықтарын бағалайды, қарапайым зерттеу жұмысын жазады. Оқыған шығарма бойынша оқушының сыни көзқарасы және өз шығармашылығына талдау жасату. Жалпы оқыту процесі оқыту әдістері арқылы жүзеге асады. Әр сабақты белсенді оқытуда әдіс-тәсілдерді де таңдап алып пайдаланған дұрыс деген тұжырымға келдім.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы 4/2011 15-бет
2. Кіріктірілген білім беру бағдарламасы «Қазақ әдебиеті Т1» Жоғары мектеп . Маусым 2014
3. Бітібаева Қанипа. «Әдебиеттіереңдетіп оқыту» Мектеп баспасы ЖАҚ, 2003.
4. Е.Дүйсенбаев, А.Балғожаев. «Оқыту үрдісінде танымдық және шығармашылық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану» Қызылорда, 2006 42-бет
5. Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы (Үшінші деңгей) 2012.



ЧТЕНИЕ – ЭТО ОДИН ИЗ ИСТОКОВ МЫШЛЕНИЯ И УМСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ

М.К.СТАХАНОВА,

Город Атырау,

Средняя школа №15 имени Абая,

Учитель начальных классов

Социокультурная ситуация, сложившаяся в стране, привела к снижению авторитета печатного слова, вытеснению книги, разрушению ментальности читающей нации. Сегодня перед нашим обществом стоит задача вызвать у подрастающего поколения интерес к чтению и вернуть в ранг активных читателей, которые определяют настоящее Казахстана, закладывают основы его будущего.

Чтение в наши дни больше ориентируется на удовлетворение информационных потребностей, а не общекультурных, эстетических, эмоциональных. Воспитать увлеченного читателя трудно. Здесь главное - организовать чтение так, чтобы оно способствовало развитию личности, а развивающаяся личность испытывала бы потребность в чтении как источнике дальнейшего развития. Необходимо предоставить возможность детям всеми путями развивать свое чтение и помочь сформировать любовь к книгам. Ведь это - первая ступень к грамотности и обучению на протяжении всей жизни. Необходи-

мо помочь детям понять огромное количество приятных вещей, которые можно получить от чтения. Этому и посвящен проект «Читающая школа».

Цель проекта:

- расширение читательского кругозора учащихся знакомством с книгами;

- приобщение учеников к регулярному чтению детской литературы и посещению школьной библиотеки, привитие потребности в систематическом чтении литературы.

Задачи проекта:

- формировать у детей отношение к книге как к источнику человеческого опыта, постоянному партнеру в общении;

- развивать творческую активность;

- воспитывать бережное отношение к книге.

В связи с этим каждый наш урок начинается с пятиминутного чтения художественной литературы. А не посредственно на уроке литературного чтения используются различные приемы чтения, которые помогли даже не читающим детям за небольшой промежуток времени читать сначала по слогам, а затем и целыми словами. Книга - необходимый предмет любой культурной среды, в которой растет ребенок. Большой мир литературы не



должен однажды, когда дитя подрастет, обрушиться на ребенка. Воспитание книгой состоит в том, чтобы бережно, но настойчиво, ввести малыша в детскую литературу, как в некое искусственно созданное удивительное пространство, научить не бояться его, а, напротив, любить и интересоваться им, научить в нем ориентироваться.

Известно, что детство - определяющий этап в развитии личности, ибо в возрасте до 6 лет ребенок с интересом познает окружающий мир, "напитывается" разными впечатлениями, усваивает нормы поведения окружающих, подражает, в том числе героям книг. В результате приобщения к книге облагораживается сердце ребенка, совершенствуется его ум. Книга помогает овладеть речью - ключом к познанию окружающего мира, природы, вещей, человеческих отношений. Дошкольники отличаются высокой познавательной активностью, стремятся расширить свой кругозор, вырваться за рамки той среды, которая их окружает. Один из главных помощников в этом, на мой взгляд, - книга. К общению с ней они уже готовы: эмоционально реагируют на услышанное, улавливают и различают разнообразные интонации, узнают любимых литературных героев, сопереживают им.

Потребность в каждодневном общении с книгой закладывается до трех-четырёх лет. Чем раньше ребенок возьмет в руки книгу, тем больше навыков читателя приобретет. Поэтому просто необходимо включать занятия по ознакомлению дошкольника с миром художественной литературы, а взрослым чаще читать своим детям. Взрослые должны осознавать важность приобщения ребенка к миру детской литературы. Детская литература, позволяет решать многие задачи. Чтение книги развивает в ребенке душу, гуманность, формирует ум, память, воображение, речь, терпение и другие нужные черты характера, учит творчеству. Детская литература - это настоящее искусство, оказывающее на ребенка скрытое воздействие.

Заложённая любовь к книге в дошкольном возрасте останется с ребёнком навсегда. Тот, кто читает, много знает. Если ребёнок понимает содержание прочитанного, значит, он думает, анализирует, рассуждает. Знакомство детей с художественной литературой, даёт лучшие результаты, если объединены усилия и воспитателей, и родителей. Мы хотим, чтобы наши дети были грамотными читателями. А ведь это очень не просто: воспринимать текст согласно авторскому замыслу. Чтобы в ребёнке воспитать читателя, сам взрослый должен проявлять интерес к книге, понимать её роль в жизни

человека, знать те книги, которые будут важны малышу, следить за новинками детской литературы, уметь интересно беседовать с малышом, быть искренним в выражении своих чувств.

Детство - время запуска всех сил и возможностей человека, что относится и к чтению.

1. Развивает мышление. Одно из важных преимуществ чтения книг - это тот положительный эффект, что оно оказывает на наше мышление. При чтении мы больше размышляем, чтобы понять ту или иную идею произведения.

2. Снижает стресс. В современном мире избавление от стресса - основная забота многих людей. Богатство и ритмика языка имеет свойство успокаивать психику и избавлять организм от стресса. Особенно помогает в этом чтение какой-нибудь фантастики перед сном.

3. Увеличивает словарный запас. Когда вы читаете книги различных жанров, то сталкиваетесь со словами, которые обычно не используете в повседневной речи. Если какое-то слово вам незнакомо, совсем не обязательно искать в словаре определение. Иногда о значении термина можно понять по смыслу, заключенному в предложении. Чтение помогает не только в увеличении словарного запаса, но и повышает грамотность.

4. Защищает от болезни Альцгеймера. По данным последних исследований, чтение действительно защищает от заболевания мозга. Когда вы читаете, активность мозга увеличивается, что благотворно сказывается на его состоянии.

5. Придает уверенности. Чтение книг делает нас более уверенными. Когда в разговоре мы демонстрируем глубокое знание того или иного предмета, то невольно ведем себя более уверенно и собранно. А признание окружающими ваших познаний положительно сказывается на самооценке.

6. Делает нас более творческими. Креативные люди могут генерировать сразу несколько отличных идей. Откуда их можно взять? Из книг. Читая произведение, вы можете почерпнуть оттуда массу идей, которые впоследствии воплотить в жизнь.

7. Улучшает сон. Если вы систематически будете читать перед сном, то вскоре организм привыкнет к этому, и тогда чтение станет своеобразным сигналом, говорящим о скором отходе ко сну. Таким образом вы не только улучшите свой сон, но и утром будете чувствовать себя бодрее.

8. Улучшает мозговую активность. При чтении мы обычно представляем много деталей: персонажей, их одежду, окружающие предметы. Также необходимо помнить множество вещей, которые



нужны для понимания произведения. Именно поэтому чтение тренирует память и логику.

9. Улучшает концентрацию. При чтении необходимо концентрироваться на содержании произведения, не отвлекаясь на посторонние предметы. Этот навык очень полезен при любой другой деятельности. Также чтение книг развивает объективность и способность принимать взвешенные решения.

Лучшей формой приобщения ребенка к книге может стать семейное чтение вслух. Необходимо терпение, даже незаурядная выносливость, чтобы из вечера в вечер читать вслух, и тем не менее читать надо, много читать, формируя в неторопливом процессе этого чтения и ум, и душу ребенка, налаживая прочный духовный контакт с ним.

Если семилетке прекратить читать вслух, аппетит к книге ослабевает. Читать ему самому еще тяжело, неинтересно, скучно. Понимающие это родители читают с детьми книги вслух по очереди.

Читайте ребенку вслух все, что сочтете подхо-

дящим, интересным, все, что любили читать сами в таком же возрасте. Особенно важно выбрать такие классические произведения, которые при самостоятельном чтении, чтении про себя, дети не могут оценить сразу, назовут скучными. Чтение вслух - всегда чтение внимательное, когда отдается должное каждой детали, подробности, когда усваиваются не только значения слов, но и оттенки значений. Замедленный темп подачи информации при чтении вслух делает видение всего изображаемого в произведении более точным и полным. Очень важна наша интонация, наш комментарий, наша оценка.

После прочтения книги вопросы лучше всего задавать осторожно, тактично. Пусть ребенок сам спрашивает, интересуется вашим мнением, пусть не торопится осудить книгу, если она показалась ему неинтересной, короче - пусть думает... Правило: если книга начата, ее следует дочитать до конца, тем более что оценка книги к концу может измениться на противоположную.



СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Ч.Ч. ЧЕРКЕШБАЕВА,

Атырау облысы,

№4 Атырау облыстық арнаулы шипажайлы мектеп-интернатының бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен шығармашылық, педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі жаңа технологиялардың менгерудің маңызы зор. Оқытудың жаңа технологиясы дегеніміз не? Ең алдымен осы ұғымды түсініп алу керек. Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі әрбір ұстазды ойландыруы тиіс.

Білім беру жүйесінде педагогикалық технологияны қолдану - келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау. Бұл іс-әрекетті ұйымдастыру әрбір педагогтың міндеті болып табылады. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек

сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.

Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет-ақ. Сондай педагогикалық технологиялардың бірі - сыни тұрғысынан ойлау технологиясы.

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль балалардың да, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдана отырып, сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырып, ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естігенін, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттаймыз. Сондай-ақ оқушыларды өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға еңбектендіруіміз қажет.

Сын тұрғысынан ойлау ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін



зерттеу, оларды жеңіл ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп авторлар түсіндіреді.

Бұл технология белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап, оларды қайта ой елегінен өткізіп және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын әдіс. Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту бағдарламасын іске асырып, балаларға терең білім беру. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу - әрбір ұстаздың шеберлігін байқатады. Сыни тұрғыдан ойлаудың жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге, қабілетті мәселелерді шешу кезінде маңызы зор.

Сыни тұрғыдан ойлай білетін оқушылар мына сұрақтарды өзіне қоя біледі:

- Мен не білемін?
- Мен жаңаша нені білдім?
- Менің білімім қалай өзгерді?
- Мен осы біліммен не істей аламын?

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту деген ұғымды кез келген жаңа идеяны сол күйінде қабылдау немесе оған түбегейлі сенім арту емес, солидеялардың негізгі себептерін, жүзеге асыру жолдарын және нәтижесін білу, оларды өз ортаға, өз мүмкіндігіңе, өз керегіңе, өз іс - әрекетіңе лайықты кіріктіру, талдау, ой елегінен өткізу, яғни, проблемаға сыни тұрғыдан қарап, өз мақсатына пайдалана білу.

Жеке тұлғаға сын тұрғысынан ойлауды меңгерту үшін оның бойында мынадай қасиеттері болуы шарт:

- жоспарлауға дайын болуы;
- бейімделгіштігі (басқалардың идеяларын қабылдай алуы);
- қайсарлығы (қиын тапсырмаларды кейінге қалдырмауы);

- жете түсінуі (өзінің және басқа адамдардың пікірін қадағалау);
- ымыралы келісімді іздеуі;
- коммуникативтілігі.

Бүгінгі білім беру ісінің басты мақсаты – білім, білік дағдыларын меңгеру ғана емес, сондай-ақ өзін-өзі дамытуға талпынтатын, саналы, ой-өрісі кең, алғыр, қабілетті, таланты жастарды тәрбиелеу. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен деңгейін ескере отырып, жаңа технологияны тиімді пайдалану – ұстаздың асқан шеберлігіне байланысты іс-әрекет болып табылады. Жаңа технологияны тиімді қолдануда мұғалімнің шеберлігінен мамандығына деген сүйіспеншілігі, шығармашылыққа ізденісі, шәкірттеріне деген зор ықыласы шынайы көрініп тұрады. Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялардың үлесі зор. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының тиімділігіне тоқталсақ:

- Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік береді;
- Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің көптігімен ерекшеленеді;
- Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы;
- Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы – қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс.

Жүргізуші: Балалар шам жанып тұрғанда шырша өте әдемі бола ма? Иә. Ендеше осылай қалдырайық жарай ма? Ақшақар,біздің балалармен бірге би билеп көрсек қайтеді.

Би: «Сылдырмақтар»

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар, кәне бәріміз орындыққа отырайық. Біздің балалардың жаңа жылға арналған тақпақтары бар,тыңдап көрсен.

Ақшақар: Жарайды. (тақпақтар айтылады). Балалар, сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?



Балалар: Иә,жақсы көреміз.

Ақшақар: Ендеше тыңдаңдар. Мен сендерге келе жатып, жолда мынадай қар тауып алдым. Ол жәй қар емес, сиқырлы қар. Бұл қар маған бір нәрсе айтқысы келіп тұрған сияқты. (қарды құлағына жақындатады). –Балалар, қар айтады,сендерді ертегі кейіпкерлеріне алып барамын - дейді. Барғыларын келе ме?

Балалар: Иә барғымыз келеді

Ақшақар: Ендеше бұл қарды домалатып көрейік, бізді қайда алып барар екен.

Домала қар, домала! Домала қар, домала! Домала қар, домала!

Ой,балалар,мына жерден бір нәрсенің дауысы шығатын сияқты. (әуенмен қонжық билеп шығады)

Жүргізуші: Қонжық, қонжық қорбаңбай Қайдан келдің қорбаңбай?

Қонжық: Қонжықпын мен қорбаңбай, Мен орманнан келемін.

Жаңа жылда достарыммен,

Көңілденіп билеймін.

Қане достарым менімен бірге биге шығындар

Би: «Қонжықтар»

Қонжық: Рахмет, жаңа жылдарын құтты болсын! Сау болыңыздар!

Ақшақар: Ал, біздің сиқырлы қарымыз тағы қайда алып барар екен, домалатып көрейік.

Домала қар, домала! Домала қар, домала! Домала қар, домала! (әуенмен майысып түлкі келеді, айналып билеп жүреді де).

Түлкі: Балалар мен айлакер түлкімін,ал сендер қандай мерекені тойлап жатырсыңдар?Шыршаларың қандай әдемі.(шыршаны қарап жүріп сиқырлы қарды домалатып алып кетеді).

Ақшақар: Балалар менім сиқырлы қарым қайда кетті, көрмедіңдерме? Түлкі алып кетті ме? Ендеше түлкіні қуып жеттіп,мына қарлармен атайық.

Ойын: «Қар атысып»



Түлкі: Балалар, мені кешіріндерші, сиқырлы қарды қайтарып беремін, сендерге кедергі болмаймын, достарыма барайын. Сау болыңдар!

Ақшақар: Балалар, тағы саяхатқа шыққыларың келе ме?

Балалар: Иә, шыққымыз келеді.

Ақшақар: Ендеше сиқырлы қарды тағы домалатып көрейікші.

Домала қар, домала! Домала қар, домала! Домала қар, домала! (әуенмен аққала шығады, билейді)

Жүргізуші: Қош келдің, Аққала, біз жаңажыл мерекесін тойлап жатырмыз

Аққала: Сәлеметсіңдер ме балалар, әсем дауыстарыңды естіп әдейі келдім.

Ақшақар: Келгенің сондай жақсы болды. Біздің балалар өзін туралы керемет ән біледі.

Аққала: Ендеше мен тыңдауға дайынмын.

Ән: «Аққала»

Аққала: Рахмет, әндерін тамаша екен. Ал мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр. Ойнаймыз ба?

Ойын: «Аққала құрастыр»

Аққала: Ой-ой-ой, мен еріп кететін болдым, ыстықтап барамын, қазір мен еріп кетемін, - деп әрлі-берлі жүгіреді.

Ақшақар: Балалар, кәне ұлпақарларша би билеп көрейік, мүмкін Аққалаға көмегіміз тиіп қалар.

Би: «Ұлпақарлар»

Аққала: Рахмет, ыстығым басылды. Ал, мен енді қайтайын, сау болыңдар балалар!

Ақшақар: Ал, біздер қарды тағы домалатып көрейік, қайда апарар екен (қарды домалатып шыршаның арғы жағындағы қапшықпен сыйлық алып шығады).

Ақшақар: Ой, балалар, мынаны қараңдар, сиқырлы қар бізге Аяз атаның сыйлығын тауып берді. (сыйлықтар таратып береді)

—Ал, балалар, мен енді тезірек қайтайын, Аяз ата іздеп жүрген болар. Сау болыңдар!

Жүргізуші: Балалар, бүгінгі ертеңгілік ұнады ма? Барлықтарына денсаулық тілеймін. Жаңа жыл құтты босын! Осымен ертеңгілігіміз аяқталды.

Сау болыңыздар!



«ҚЫСҚЫ ОРМАНҒА КӨМЕК»

А.О.ДАУХАРЕНОВА

*«Айгөлек» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі
Қарғалы ауданы*

Сабақтың мақсаты:

Балаларға қыстың ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту, тілдерін дамыту, танымдық қабілеттерін арттыру, бейнелеу өнеріне қызығушылықтарын, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін ояту және тапқырлыққа, шапшаңдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Сала:

Коммуникация. Таным. Шығармашылық.

Ұйымдастырылған оқу-іс әрекеті:

Сөйлеуді дамыту, құрастыру, сурет салу.

Қажетті заттар:

АҚТ технологиясы (мнемокесте)

Музыкалық дыбыс: «Сауысқанның дауысы».

Таратушы материалдар: Киімдердің суреттері, көк қағаз, орамжапырақ

Сабақтың барысы:

- Амандасу. Шаттық шеңбері.

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Кайырлы таң балалар!

Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

(Сауысқанның даусы)

Есік қағылып сандық әкеледі. (ішінде хат болады)

Тәрбиеші:

Ой, балалар мына хатта қандай тапсырма берілген, кәне, көрейік? Балалар ормандағы тұрғындарға көмектесеміз бе? Олай болса бірінші тапсырманы оқып көрейік. Балалар орманда қатты боран көтерілді, мына мнемокестеге қарап, орманда қандай жыл мезгілі болып жатқанын әңгімелеп беруіміз керек, егер тапсырманы орындасак, күн ашылады. Тапсырманы дұрыс орындасак, орманың қысқы келбеті ашылады.

Олай болса, бірінші тапсырманы орындайық.

1. Қыс мезгілдерінің ерекшеліктері айтып беріңдер. Қане, балалар, ендеше, қыс мезгілдерінің ерекшеліктерін мнемокесте арқылы айта кетейік. (АКТ технологиясын пайдалана отырып)

Сұрақ жауап.

- Қыс мезгілінің белгілерін білесіңдер ме?

- Қар жауады, аяз болады.

- Орманда қандай жануарлар тіршілік етеді?

- Адамдар қалай киінеді?

Тәрбиеші: Ал, балалар, екінші тапсырма қандай екен, балалар жақсылап отырып тыңдандар, сендерді құтқару үшін осы орманға адамдар қандай киім киіп келеді. Тәрбиеші: Балалар қандай киім киіп барамыз, орман қандай аяз, боран енді мына



киімдердің ішінен орманға киіп баратын киімдерді тандайық.

Екінші тапсырма:

АКТ-технологиясын пайдалана отырып қысқы киімдер туралы түсінік беру.

Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде киеміз» (жыл мезгілдердің киімдерін әр жыл мезгілге салу)

Балалар киімдерді суреттерін алып қандай киім екенін айтып әр мезгілге өз киімін қалташаға салу.

Сұрақ жауап:

- Бұл қандай киім?

- Қай мезгілде киеміз?

Балалар шеңберге тұрып тіл ұстар жаттығуын жасап жіберейік.

- Ақ, ақ қолға кидік қолғап,

- Он, он он киіп алдық тон.

Тәрбиеші: Ал, балалар, екінші тапсырманыда орындадық, үшінші тапсырма не берді екен, бізге қараңдаршы! Мен ормандағы барлық жабайы жануарларды қарға көміп тастадым. Ал сендер бұларды қалай құтқарар екенсіздер. Ал, балалар, не істейміз жабайы жануарларды қалай құтқарамыз, кәне, келе қойындар. Мына жабайы жануарларды құтқару үшін жұмыс жасайық.

Үшінші тапсырма.

Жабайы аңдардың суреттерін құрастырып аңдар жайында түсіндіріп айту.

Ұжымдық жұмыс топқа бөлініп.

Сергіту сәті.

Ұзын құлақ ақ қоян

Естіп қалды сыбдырды

Ойлы-қырлы жерлермен

Ытқып- ытқып секірді.

Тәрбиеші: Ал балалар үшінші тапсырманыда орындадық, енді тағы қандай тапсырма бар екен қане, оқиын. Сендер қысқы орманның келбетін, ағаштардың қандай болатынын білесіңдерме деп жазыпты. Балалар көрдіңдер ме, төртінші тапсырма қысқы орманның, ағаштардың суретін қандай болады дейді. Қәне, балалар, қысқы орманның келбетін салып көрсетейікші.

Қысқы орманның келбетін, ағаштардың суреттерін салу.

Балалармен бірге сурет салу.

АКТ технологиясын пайдалана отырып, қысқы орманның суреті ашылыды.

Сауысқанның рахмет айтқан дауысы шығады.

Балаларға сыйлық береді.

Қорытындылау.

Сұрақ жауап:

- Балалар, біз бүгін кімге көмек бердік?

- Қандай тапсырмаларды орындадық?

- Ормандағы аңдарға көмектесу ұнады ма?

Келген қонақтарға сау болыңыздар деп айтайық.



«В ГОСТЯХ КУКЛА ЛОЛА»

Ш.Е.ЕЛЕМАНОВА

«Нұрлы-болашақ»

Воспитатель: Здравствуйте дети!

Дети сегодня пришло письмо в наш садик «Нурлы-болашақ» и в письме было написано что отправили нам коробочку, посмотрите вот это коробочка. Давайте посмотрим что в этой коробке.

Дети: кукла

Воспитатель: Давайте заведем куклу? не заводится, посмотрите в руках куклы шкатулка, давайте откроем шкатулку и посмотрим что в этой шкатулку? письмо

Читает письмо а в письме написано если выполнить задания то наша кукла Лола оживется.

Воспитатель: Вы хотите чтобы наша кукла ожила?

Дети: да

Воспитатель: Тогда нам придется выполнить задания

1-ое задание: «Доскажи словечко»

1) Ни к чему ребята спешка, потеряется может... - ... (пешка)

2) На доске есть у меня, двелoшадки, два (коня)

3) Мне приснился странный сон, с муравьем боролся..... (слон)

4) В углу стоит бадья, в бадье плавёт (ладья)

5) Кто сможет подсказать король, его величество (король)

6) В шалашах и камышах, я услышал слово... - ... (шах)

7) В словах матрешка и формат, я подчеркну не шах а..... (мат)

8) В поле много есть дорожек, будь и смел и осторожен, вверх и вниз пойдешь это..... (вертикаль)

9) вправо или влево это..... (горизонталь)

10) А с угла на угол вдаль нас ведет..... (диагональ)

2-ое задание: «Раставь фигуры»



Перед вами шахматные фигуры по сигналу вы должны расставить фигуры по своим местам

3-ое задание: Загадки

1) Маленькая и удаленная

Через поле пройдет

Награду найдет(пешка)

2) Не живет в зверинце он

И не весит сорок тонн,

Но и ловок и силен

Догадались? Это....(слон)

3) Узнать его легко: он с гривой

С осанкой важной, горделивой

Красавца этого не тронь!

Узнал кто это? Это....(конь)

4) Этот важный господин

Захватил всю власть один

Слушатся его изволь

Кто это такой....(король)

5) Стоит в углу с величием судьи

Приз дадут, и смело вступит в бой

Известна своей крайней прямоотой,

Неужто не узнаешь ты....(ладья)

6) Всех он смелей и сильнее

И не узнать его нельзя

Он победит слонов, коней

Конечно ты узнал....(ферзь)

4-ое задание: Стихи про фигуры и ходы

Лия: Пешка маленький солдат, лишь команды ждёт

Чтоб с квадрата на квадрат, двигается вперед

Нурай: Пешка ходит вперед а при первом ходе на два поля

Пешка бьет чужую фигуру по диагонали

Король: Уважаемый пешки покажите как вы ходите

Слава Ч: Это башня боевая, неуклюжа но сильна

Шаг тяжелый у ладьи, в бой ее скорей веди

Даша К: Ладья ходит на любое количество полей

Вперед или назад, влево или вправо

Король: Уважаемый ладьи покажите как вы ходите

Милана: Прыгнет конь, необычный каждый шаг

Буква Г и так и сяк, получается зигзаг

Даша М: Конь продвигается буквой Г, на два поля вперед или назад

Затем на одно поле влево или вправо

Король: Уважаемый кони покажите как вы ходите

Фигура слон, когда станет в строй,

Но лишь начнется бой, у каждого путь свой

Алина: Слоны могут передвигаться, на любое количество полей по диагонали

Король: Слоны как вы ходите по шахматном поле

Даша Д: Черный и белый ферзь, свой любит цвет
Другого правило здесь нет, напротив друг друга поставим их смелей

Ульяна: Ферзь самая сильная фигура, шахматного войска

Передвигается на любое количество полей в любом направлении

Король: Уважаемый ферзи покажите как вы ходите

Дарина: Король всех главней, всех важней

Нет в шахматном войске важнее вождей

Зелим: Король самая главная фигура в королевстве, передвигается в любом направлении

На одно поле когда игрок лишается своего короля, то он считается проигравшим

Король: Уважаемый короли покажите как вы ходите

5-ое задание Игра: «Кубик»

(я бросаю кубик которая выпадает на верхней грани кубика должны назвать фигуру)

6-ое задание Игра в шахматы

Наш девиз:



Шахматные идеальные, интересная игра

Учитесь шахматы играть, древнейшая игра

Она научит побеждать, научит думать и решать

Учите шахматы играть, ее секреты разгадать

Вы сможете тогда (а сейчас я предлагаю вам пройти за столы, выбрать себе партнёра и поиграть)

, не забудьте как правильно расположить шахматную доску и расставить шахматные фигуры

Король: Молодцы дети ...

7-ое задание «Шахматная репка»

Давайте вспомним сказку Репка какие были персонажи



Дети: дедушка, бабушка, внучка, кошка и мышка

Король: правильно дети а теперь наши персонажи будут шахматные фигуры дедушка у нас будет король, бабушка ферзь, внучка слон, кошка ладья и мышка пешка

По сигналу вы должны расставить фигуры (посадил дед репку и т.д.)

Воспитатель: Дети мы выполнили все задания теперь давайте попробуем оживить нашу куклу

Лолу (кукла оживляется)

Кукла Лола: Здравствуйте дети, спасибо чтобы вы меня оживили я хочу с вами танцевать и петь песню.

8-ое задание Танец: «Шахматы»

9-ое задание Песня «Черный ферзь» Кукла Лола: Я пришла к вам не с пустыми руками раздаю детям киндер

Мои придворные за мной



«ҒАЖАЙЫП МАТЕМАТИКА ЕЛІНДЕ»

Р.Б.ЖАНАБАЕВА

«Нұрлы болашақ» балабақшасының тәрбиешісі

Мақсаты: 5-ке дейін тура, кері санауды пысықтау.

Геометриялық пішіндерді ажырата білу, бірнеше бөліктен бір зат құрастыру дағдыларын дамыту. Уақытты бағдарлай білуге баулу. Мейірімділікке, қайырымды болуға тәрбиелеу.

Шығу. музыка

Шаттық шеңбері.

Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

– Көктем.

– Көктем мезгілінденеше ай бар?

– 3 ай бар.

– Қане, атайықшы?

- Наурыз, сәуір, мамыр

- Қазір қандай

- Сауірдің нешесі

– Бір аптада неше күн бар?

– 7 күн

Қане атайық дүйсенбі сейсенбі сәрсенбі бейсенбі жума сенбі жексенбі

Құстың дауысы естіледі, музыка ойналады.

Осы кезде қарлығаш ұшып келеді.

Қолында хаты бар. Балалар бұл хат кімнен екен.

Бұл хат көктем ханшайымынан екен, оны патша сыйқырлы таяғымен гүлге айналдырып жиперген екен.

Патша тек көктем ханшайымын емес сол маңда жүрген аңдарды да басқа заттарға айналдырып жиперген деп жазыпты.

Бізге тек балалар сендер көмектесе аласыңдар деген екен.

Және де теңіз арқылы өтесіндер делінген.

Балалар теңізден өту үшін бізге қандай көлік керек.

Кеме керек екен. Олай болса бізге конструктордан кеме құрастырып көрейік.

Міне, балалар, міне, біздің кемеміз дайын. Барлығымыз бас кейімдерімізді киіп кемеге отырайық. Теңіздің музыкасы.

Балалар кемеге мінгенде қауіпсіздік ережесін сақтауымыз керек. міне теңіздің ауасы керемет.

Қане балалар бас кейімдерімізді шешіп кемеге қойып кетейік осы кезде судың ішнен алтын балық шығады.

Сендер мұнда нестеп жүрсіндер. Сәлеметсізбе алтын балық. Біз математика патшасын іздеп келеміз.

Көктем ханшайымын құтқару үшін. Мен сендерге жол көрсетейін егерде менің тапсырмамды орындасандар. Жарайды орындаймыз. Жарайсыңдар.

Әрі қарай жүрейік.

Оооо балалар біз жеткен сияқтымыз математика патшалығына. мына есік арқылы кіру керек сияқты.

Кейіпкер шығады.

- Қайда барасыңдар? Мен сендерді өткізбеймін.

- Өткізіңізші, бізді көктем ханшайымын құтқаруға келіп едік. Көмектесіңізші бізге.

- Жарайды егерде менің тапсырмамды орындасандар, өткіземін.

- Жарайды, көмектесеміз.

Геометриялық пішіндерден аңдарды құрастырып беріңдер. Балалар геометриялық пішіндерді атап, ажыратып түстерін айтады. Аңдарды құрастырады.

Және де тақпақтар айту.

Кейіпкер аңдарды құтқарғандарына риза болып өткізеді.

Музыка есік ашылуға. Балаларда өткендеріне қуанады.

- Балалар шаршап кеткен сияқтымыз, тапсырманы орындаймыз деп, қане, тағы сергіп алайық.

Тәрбиеші: Балалар сендер шаршаған шығарсыңдар? Біраз сергіп алайық!

- Балалар армен қарай жүрейік.

Музыка.



- Ой, балалар, мында тағы есік тұрған сияқты. Ал енді не істесек болады. Кейіпкер шығады.

- Сендер кімсіңдер? Нестеп жүрсіңдер? Өткізіңізші, бізді көктем ханшайымын құтқаруға келіп едік.

- Көмектесіңізші бізге. Жарайды, егерде менің тапсырмамды орындасаңдар, өткіземін.

Тапсырма: «Уақытты бағдарлау»

Жұмбақ шешу.

Сиқырлы музыка.

Енді өткізейін, бірақ патша қатты адам.

Балалар тапсырманы орындайды.

Музыка.

Көктем ханшайымын құтқарады.

Барлығы келген іздерімен балабақшамызға оралады.

Қорытындылау. Сұрақ-жауап арқылы көрген, білген, істегендерін естеріне түсірту.

«КҮЗГІ ЖАПЫРАҚТАР»

А.С.ЖАНТЛЕУОВА

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы

Мақсаты: Мотивациялық қозғаушы:

Балалар келген қонақтармен амандасты.

Сәлеметсіңдер ме балалар? Көңіл күйлерің қалай? Бүгінгі оқу қызметіне дайынсыңдар ма?

Шаттық шеңбері:

Шеңбер болып тұрайық,

Алақанды ашайық.

Таза ауаны жұтайық,

Жүрекке жылу сыйлайық.

Жиналған жылы шуақты,

Қонақтарға шашайық.

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- Күз мезгілінде неше ай бар?

- Күз мезгілінде ауа райында қандай құбылыстар болады?

Балалар назарымызды тақтадағы суреттерге аударайық. Күз мезіліндегі құбылыстар туралы әңгіме құрастырайық.

Жұмбақ жасыру

Ағайынды бәрі:

Шықса – көк,

Түссе – сары.

Бұл не? Балалар қалай ойлайсыңдар?

Балалар: -Жапырақ

Балалар қараңдаршы ағаштың жапырақтары түсіп қалыпты. Ағашқа көмек көрсетемізбе. Ендеше ағашқа жапырақтардың суретін салып берейік.

Алдын ала дайындалған жапырақтың трофареті ақ қағаздың бетіне орналастырып, тіс щеткасын гуашь бояуға батырып жапыраққа шашыратамыз.

Сергіту сәті:

Қолды белге қояйық, басты оңға бұрайық.

Басты солға бұрайық, бір отырып, бір тұрып,

Бір отырып, бір тұрып, біз демалып қалайық.

Руки кверху поднимаем,

А потом их опускаем,

А потом к себе прижмем,

А потом их разведем,



*А потом быстрой, быстрой,
Хлопай, хлопай веселей*

Балалар назарларымызды жұмысымызға аударып. Суреттерімізді аяқтайық.

Дидактикалық ойын: «Не, артық?»

Қорытынды:

Балалар бүгін біз қандай жыл мезгілі туралы айттық?

Күз мезгілінде дала қандай түске боялады?

Біз, неге көмектестік?

Ағашқа не жасап бердік?

Жапырақтардың түстері қандай түске боялады?





ҚЫС КЕРЕМЕТІ

С.А.ЖУСУПОВА

«Айгөлек» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

Қарғалы ауданы

| Әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|--|
| Дәлелді ояту | <p>Балаларды шеңберге отырғызып, бір-біріне қарап әдемі болып отыруды өтінеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар қараңдаршы бізге қандай көп қонақтар келді. - Қане біз ақылды болып тыныш отырайық. Қане қонақтармен амандасайық. <p>Қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру. Суда мұз бар, Жерде қар бар, Боран борап соғады, Бұл қай мезгілде болады.</p> | <p>Балалар тәрбиешімен бірге қонақтармен амандасады.</p>  |
| Ұйымдастыру іздену. Рефлексстік түзету. | <ul style="list-style-type: none"> - Дұрыс айтасындар балалар. - Бұл қыс мезгілі. <p>Мнемо кестемен көрсетіп</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар қардың түсі қандай? - Қыста ағашта жапырақ бола ма? - Балалар қыста қандай киімдер киінеміз? - Қыста немен ойнаймыз? Қыс туралы кім тақпақ айтады? <p>Мнемо кестемен айту. Балалар қане енді барлығымыз бірге тақпақ айтайықшы</p> <p>Қысқы киімдерді құрастыру. Қолғап, баскиім, тон, байпақ.</p> <p>Сергіту сәті:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тоңса егер қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт-сарт, сарт-сарт, Шапалақтап соғамыз 2. Тоңса егер аяғымыз, Етік киіп аламыз. Топ-топ, топ-топ Топылдатып билейміз. 3. Тоңса егер денеміз, Тонды киіп аламыз. Зу-зу, зу-зу Шанамен біз зулаймыз. <p>Ғажайып сәт: (Хат келді оқу) Аққала балалардан достарын тауып беруін сұрайды. Балалар Аққалаға көмектесеміз ба?</p> | <p>Қыс</p> <p>Ақ Жоқ Қолғап, бас киім, етік, пальто Қармен, шанамен Әмина айтады</p> <p>Барлығы бірге</p> <p>Қыс туралы тақпақ айтады. (2 рет қайталау)</p> <p>Жай әуенмен қосылады Есік қағылып ішке Аққала келеді.</p> <p>Балалар ия деп жауап береді. Жай әуенмен Балалар қимылмен көрсетеді.</p> |

| | | |
|-----------------------------------|---|--|
| <p>Рефлексстік түзету.</p> | <p>Дәстүрден тыс сурет салалу: - Балалар сурет салып Аққалаға достарын табуға көмектесті көмектесті - Балалар Аққаланың достарын тауып береді Дауыс. Аққаланың</p> | <p>Жай әуенмен</p>  |
| | <p>Балалар бүгін біз кімге көмектестік? Балалар біздер не құрастырдық? Балаларды мадақтау. -Не туралы тақпақ айттық?</p> | <p>Көмектескендеріңе қатты қуанды. Аққала Қыс</p> |

«ҚОЯННЫҢ ҮЙШІГІ»

Н.Т.КАНГОЖИНА

«Балапан» Маржсанбұлақ балабақшасының тәрбиешісі

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге, қоршаған ортамен танысу арқылы баланың ой-өрісін дамыту. Жапалақтап жауып тұрған қар ұлпаларының суретін түтікше арқылы үрлей отырып, бейнелеуге үйрету.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта, слайд.

Тәрбиешінің - әрекеті: Шаттық шеңбер:

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты

Жарқырайды күніміз

Жарқырайды даламыз

Қайырлы таң достарым

Қайырлы таң қонақтар

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын, шешуін таба аласыңдар ма?

Тәрбиеші: Аяз қысып,

Өрнек сызып,

Терезені торлайды

Қар омбығып,

Бет домбығып, балдырғандар ойнайды.

Бүлдіршіндерім, айтыңдаршы, бұл қай кезде болады?

Балалар: Қыс мезгілінде.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар. Балалар, қазір жылдың қандай мезгілі?

Балалар: Қыс мезгілі.

- Қыс мезгілінде неше ай бар?
- 3 ай бар. Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан
- Қыста күн қандай болады?
- Суық, аяз, боран.
- Енді, далаға қарандаршы қандай болып жатыр?
- Дала аппақ қар, ақ мақта сияқты
- Тәрбиеші: Балалар, қыс мезгілінде ауа - райында қандай өзгерістер болады?
- Балалар: Қар жауады, суық балады, боран соғады, аяз болады.
- Тәрбиеші: Қыс мезгілінде адамдар қалай киінеді?
- Балалар: Адамдар жылы киінеді.
- Тәрбиеші: Қыста қандай ойындар ойнаймыз?
- Балалар: Қардан аққала соғамыз, сырғанақ жасаймыз, шана, шаңғы тебеміз.
- Тосын сәт: Қоянның жылаған дауысы естіледі
- Тәрбиеші: - Балалар кәне бәріміз осы мультфильмге назар аударайық, қоянның жылаған дауысы осы жақтан естіліп тұрған сияқты
- Балаларға «Қоянның үйшігі» мультфильм көрсету
- Тәрбиеші:
- Балалар түлкі қоянға не істеді?
- Ендеше біз қоянға көмектесеміз бе? Қоянға үйшік жасап берейік.
- Балалар: Көмектесеміз.
- Сендердің алдарында үйшік және шыршаны суреті жатыр
- Мынау менің қолымдане?
- Балалар: Мақта
- Балалар біз мақтаны қандай түске боядық.



Слайд көрсету

- Шыршаны жасыл түспен безендіреміз, үйді қызыл түспен, үйден жегін мақтамен қар жасаймыз

- Желімді жағып, мақ тамен жапсырамыз

Сергіту сәті:

Саусақтарым тұрыңдар,

Сапты бірге құрыңдар,

Желмен бірге майысып,

Оңға, солға бұрыңдар.

Ақ түсті гуашь бояуына мақта таяқшалармен батырып, көк түсті қағазға тамызып, бояуды түтікшемен үрлеп, қар ұлпасының суретін бейнелейді

Қоян: Балалар, сендерге көп рахмет. Өте қызық-

ты болды бүгінгі іс-әрекеттерің. Енді қайтайық, қош сау болыңдар.

Қорытындылау

Тәрбиеші: Жүректен жүрекке,

Қол ұстасып тұрайық,

Достық әнге салайық,

Сау - саламат болайық.

Күтілетін нәтиже:

Не алды? Қыс қызығын тамашалады. Не білді?

Қыс мезгілі туралы мағлұмат алды. Не істей алды? Балалар түтікшемен қардың және құм, жарма, ас тұзын пайдалана отырып жарық түсірілген әйнекке саусақ қимылдары арқылы сурет салды.



Күтілетін нәтиже:

Не алды? Қыс қызығын тамашалады.

Не білді? Қыс мезгілі туралы мағлұмат алды.

Не істей алды? Балалар түтікшемен қардың және құм, жарма, ас тұзын пайдалана отырып жарық түсірілген әйнекке саусақ қимылдары арқылы сурет салды.





«АҚЫЛДЫ БАЛАПАН» ЕРТЕГІСІ

К.К.КУЖАНОВА,

№20 «Дидар» балабақшасы

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту. Шығармашылық қабілетін шыңдау. Достыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу. Өзара көмек қолын созуға, ертегі кейіпкерлерінің қимыл әрекетіне нақты көрсете білуін жетілдіру.

Қатысқандар: Балапандар- Жансулу, Айша, Ару

Сиыр-Қайсар

Тауық-Наиша

Үйрек-Аяулым

Үйрек балапаны- Ислам

Құс-Санжар

Көгершін-Абдурахман

Автор: Ерте ерте ертеде, кішкентай үйшікте тауық өмір сүріпті, көп ұзамай тауық жұмыртқа басады. Тауықтың жұмыртқалары балапанға айналып, біреуі жұмыртқа күйінде қалады. Тауық жұмыртқасын үйшік жанына қалдырып, балапандарына азық іздеп жолға шығады. Сол сәтте жарылмаған жұмыртқадан тоқылдаған дыбыс естіледі, кішкентай балапан, жан-жағына көз салып, анасын іздей бастайды, алайда маңайынан ешкімді таба алмайды. Көңілі түсіп кеткен балапан анасын іздеуге шығады. Енді ғана, аяғын басып үйренген балапан, ағаш қасында тұрған сиырды көреді, таңданып сиырға қарайды.

Сиыр: сен неге маған таңданып қарайсың?

Балапан: сен менің анам емессіңбе?

Сиыр: мен үлкенмін, биікпін, сенің анаң менен кіші

Автор: балапан анасын, іздеуді әрі қарай жалғастырады, сәлден соң балапан шик-шиқ еткен құстың даусын естиді, балапан сиырдың айтқанын есіне түсіріп, мүмкін осы менің анам шығар деп ойлай, құстың жанына келеді.



Балапан: сен менің анам емессіңбе?

Құс: мен сенің анаң емеспін, менің екі аяғым екі қанатым бар мен биікке ұша аламын, ананды іздей бер табасын

Автор: құстың сөзіне иланып, балапанның күдігі азайып, әрі қарай жүре береді. Сөйтіп, балапандармен жүрген үйректі көреді

Балапан: анашым анашым

Үйрек: мен сенің анаң емеспін

Автор: көңілі түсіп кеткен балапан жылап жібереді

Үйрек: сенің анаң мен сияқты қыра-қыра демейді, сенің анаң қыт-қыт дейді, сен жылама, біз саған көмектесеміз.

Автор: балапан мен үйректің әңгімесін естіп қалған көгершін ұшып келіп: балапан, балапан орманның шетіне қарай барсаң, ананды табасың,

Автор: балапан көгершіннің айтқанын тыңдап, орман шетіне қарай барады, алыстан, қанаты бар құстарды көреді

Балапан: анашым, анашым

Автор: өзінің балапанының даусын естіген тауық, бірден танып, құшақтап сағыныш сезіміне бөленеді.

Балалардың «Шеп-шеп шөжелерім» биін билейді. Балаларды мадақтау, сыйлық беру.



«БАЛА ТІЛІ-БАЛ»

И.МЕШТХАНҚЫЗЫ

«Гаухар» бөбекжайы-бақшасының тәрбиешісі
Ақтөбе облысы Қобда ауданы, Талдысай ауылы

Мақсаты: Балалардың шапшаң, тез ойлау қабілеттерін дамыту.

Дамытушылық: Балаларға тест сұрақтары жыл

бойғы үйренгені мен білгенін сайыс сабағы арқылы логикалық ойлау қабілетін дамытумен қатар, еркін сөйлеуге, ой-өрісін, орындарда өздерін ұстай білуді дағдыландыру.

Тәрбиелік: Адамгершілік, кішіпейлділік, ұйымшыл, ұстамды, дұрыс сөйлеу мәдениетін беру, баулу, тәрбиелеу.



Қымбатты әріптестер, қонақтар және біздің кішкентай бүлдіршіндеріміз! «Ортаңғы топта не үйреніп, не білдік» «Бала тілі – бал» атты сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер! Сайысымызға үш балдырған қатысқалы отыр. «Білімді мыңды жығар, білікті бірді жығар»- дегендей ортаға үш сайыскер балаларымызды шақырып алсақ.

1-ші бүлдіршініміз Алтын Санатқызын ортаға шақырамыз

2-ші бүлдіршініміз Алихан Жанібек ұлын

3-ші бүлдіршініміз Кәусар Абзалқызын қошеметтеп ортаға шақырайық.

Төрт құбыламыз тең болған сияқты, олай болса сайысымызды бастайық.

Балақайлар ең алдымен сайыс ережесімен таныстырайын:

Сайыс 4 бөлімнен тұрады:

1. Ширату,

2. Ойлан тап,

3. Бұл қай кейіпкер?,

4. Ертегілер елінде, - деп аталады.

Ендеше 1 - ші бөлімге кезек берейік. «Ширату»

Ойынның шарты: Мен сендерге суретті тест сұрақтарын жасырамын. Ол сұрақтар сендердің өткен оқу қызметтеріңдегі тақырыптарға байланысты болмақ. Сұраққа бірінші жауап беру үшін, алдарыңызда тұрған әуенді ойыншықтың тетігін басасындар яғни түртіп дыбыс шығарасындар. Дұрыс жауапқа асық үйлестіріп отырамын, жауап бермеген жағдайда асық берілмейді.

1 сұрақ: Не ұшады?

1) кеме

2) Қарға

3) Машина

2 сұрақ: қыздардың ұлттық бас киімін тап?

1) тымақ

2) сәукеле

3) малақай

3 сұрақ: доп қай геометриялық пішінге ұқсайды?

1) ұшбұрыш

2) шаршы

3) шеңбер

4 -сұрақ: Қазақстан Республикасының туының түсі қандай?

1) көк

2) қызыл

3) сары

5 – сұрақ үй жануарын тап?

1) қасқыр

2) сиыр

3) қоян

6 -сұрақ: жабайы жануарды тап?

1) аю

2) жылқы

3) қой

Кезекті «Ойлан тап» бөліміне берсек. Балақайлар мен сендерге ойынның ережесін түсіндіріп өтейін. Бір зат атаулысын суреттеп, сипаттап айтып беремін. сендер соның қандай зат екенін табуларың керек. Ойынның шарты түсініктіме?

1 –ші сұрақ: ол қазір көптеген үйлерде бар. Ол төртбұрышты. Теледидарға ұқсайды. Біз одан көптеген мәліметтер аламыз. Ойындар ойнаймыз. Ол арқылы ғаламторға шығамыз. Оның тышқан деп аталатын құрылғысы бар.(Компьютер)

2- ші сұрақ: Ол жүреді. Оны біздің папаларымыз жүргізеді. Ол жанармай арқылы жүреді. Оның төрт дөңгелегі бар. Түстері әртүрлі. Бір жерге барсақ соған мініп барамыз.(Машина)

Балақайлар көзді ашып жұмғанша 3 -ші бөлімге де келіп жеттік.

Үшінші бөлім: «Бұл қай кейіпкер?»

Ойынның шарты мынандай: мен сендерге ертегі кейіпкерлеріне байланысты сұрақтар қоямын. Соған жауап берулерің керек.

1-сұрақ: Қазақ халқының ертегісін тап?

1) бауырсақ

2) ұр тоқпақ

3) шалқан

2 -ші сұрақ: Мақтақыз бен мысық ертегісіне қай кейіпкер қатыспайды?

1) Қоян

2) сиыр

3) терек

3сұрақ: жеті лақ ертегісіндегі жағымсыз кейіпкерді тап?

1) ешкі

2) лақ

3) қасқыр

Үшінші бөлімді де аяқтадық, Балақайлар соңғы, әрі ақтық бөлімге де жетіп қалыппыз.

Олай болса 4-айналым «Ертегілер елінде» ертегіден үзінді тыңдатамын сендер оның қай ертегі екенін табасындар. Ойынның шартын түсіндіңдер ме?

1-шіертегі: «Сыйқырлы жүзік»

2- шіертегі: «Кім күшті»

3- шіертегі: «Мұрагер»

Жарайсындар балақайлар, қандай тапқыр едіңдер! Төрт бөлімде де өздеріңді жақсы көрсетіп шықтыңдар! Осымен «Бала тілі - бал» атты интеллектуалдық сайысымыз өз мәресіне жетті. Жарыс болған соң жеңімпаз болуы тиіс. Кім асықты көп



жинады сол жеңімпаз болады қанекей санайық.

Құрметті қонақтар, апайлар, сіздер бүгін «Бала тілі –бал» атты іс-шарамызды тамашаладыңыздар. Уақыт бөліп келгендеріңізге көп – көп рақмет! Еліміз аман, заманымыз тыныш болсын. Сау болыңыздар!

Күтілетін нәтиже:

Баланың білуі: Ой-өрісі, орындарда өздерін ұстай білуді

Баланың меңгеруі: дұрыс сөйлеу мәдениетін, сұрақтар арқылы логикалық ойлау қабілетін дамытумен қатар, еркін сөйлеуді



«КӨЛІКТЕР ӘЛЕМІ»

Қ.А.НҮРЖАУОВА

№34 «Таңшолпан» МДҰ

Мақсаты: Балаларға жапсырмалау туралы түсінік беру және жапсырмалар жасап үйрету, балалардың қол моторикасын, қиалын дамыту; Көлікті жапсырып үйрету, жырту әдісін қолдана білуге үйрету;

Желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағуға баулу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: үлестірмелі материалдар, дайын аппликация үлгілері, сұрткіш.

Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, үйрету, сұрақ-жауап, дьенеш блоктарын қолдану.

Сөздік жұмыс: көлік-машина

Тәрбиеші: Балалар, мен сендерді әдеттегідей шаттық шеңберіне шақырамын.

Сәлемдесу.

Шаттық шеңбер:

Ашық менің жүрегім

Ылғый күліп жүремін.

Бірге ойнап бір жүрер

Достарым көп, білемін!

Тәрбиеші:

- Жарайсыңдар балалар.

- Бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметінде көліктер әлеміне саяхат жасаймыз.

Ол үшін біз автобуска отырамыз.

Балалар:

- Алақай, көліктер әлеміне саяхат жасаймыз деп қуанады.

Тәрбиеші:

- Балалар біреу есік қағып тұрған сияқты, тыңдандаршы. Балалар тыныштала қалды.

Тәрбиеші:

- Бұл Нұрәділ ғой

- Оның көңіл күйі жоқ сияқты, өзінен сұрап көрейік.

Нұрәділ:

- Мен күнде әдемі көлігіммен серуенге шығатын едім, енді ол бұзылып қалды, маған жаңасы керек болып тұр дейді.

Тәрбиеші:

- Нұрәділге жаңа көлік жасауға көмектесеміз ба?

Балалар:

- Көмектесуге дайынбыз.

- Нұрәділ сенде бізге қосыласың ба?

Нұрәділ: Әрине

- Нұрәділ балалардың жанына отырады.

Тәрбиеші:

- Бүгін біз көлік жапсыруды үйренеміз.

- Мен сендерге көліктер туралы әңгімелеп берейін.

- Көлік түрлері көп: суда (қайық, кеме, желкенді қайық), ауада (ұшақ, тік ұшақ), жерде (мотоцикл, поезд, автобус, жүк көлігі т.б) көлік түрлері бар.

- Машина жеңіл көлік түріне жатады.

Балалар:- Тәрбиешінің айтқандарын мұқият тыңдайды.

Тәрбиеші:

- Балалар машинаның пішіні қандай?

-Ал оны қандай көлік түріне жататынын білесіңдер ма?

Балалар:

- Машина жеңіл көлік түріне жатады.

- Оның көлемі үлкен және пішіні шаршы тәріздер.

Ойын: «Даусынан тап»

Ойынның шарты: Үнтаспадан көлік түрлерінің (пойыздың, ұшақтың, жүк көлігінің) дыбыстары естіледі.

Балалар: Қандай дыбыс естігендерін қайталап, қандай көлік түрінің дыбысы екендігін табады.

Тәрбиеші: Ал енді балаларбіз Нұрәділге жаңа көлік жасау үшін балабақшамызға барып жасап берейік.

Балалар:

- Автобуска отырып балабақшаға келеді.



Тәрбиеші:

- Қазір біз машина бөліктерін геометриялық пішіндерден жапсырамыз.

- Ең алдымен негізгі бөлігін жарты шеңберді жырттып жапсыру, ал терезелерін шаршыдан, дөңгелектерін шеңберден жапсырамыз.

- Сонымен қатар оның шамдары болады.

Сергіту сәті: Біз кішкентай баламыз.

Өсіп өніп толамыз,

Күнге қарай талпынып.

Көкке қолды созамыз.

Тәрбиеші:

- Балалар, Айсұлтанның көңіл күйін тезірек көтеру үшін жұмысты бастайық. Тәрбиеші жапсыру жұмысы кезінде қиналған балалармен жеке

жұмыс жүргізеді.

- Енді машиналарымызды Нұрәділге сыйлайық. Нұрәділ балаларға рахмет айтып шығып кетеді.

Дид. ойын: «Мозайка құрастыру»

Тәрбиеші:

Балалар, бүгін біз кімге көмектестік?

- Көліктер әлемінде не істедік?

- Қандай көлік түрлерімен таныстық?

- Сендерге жасаған жұмыстарың қызық болды ма?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Тәрбиеші:

- Жарайсыңдар балалар, сіздерге көп рахмет, осымен бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметі аяқталды.



ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІ

С.Н.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

№20 «Дидар» бала бақшасының тәрбиешісі

Ақтөбе қаласы

Мақсаты: Балаларға ертегілер әлеміне еніп, жақсы көңіл күй сыйлау. Оларға қызықты тапсырмалар орындата отырып, тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер арқылы тілін дамыту. Үстел үсті және шарлар театры арқылы сөздік қорын молайтып, диалогты сөйлеу мәдениетін әрі қарай дамыту. Логикалық ойлауын жетілдіріп, адамгершілік тәрбиесіне баулу.

Билингвизмді компонент: қыс-зима-winter, ертегі-сказка-fairy tale.

Барысы: Балаларды шеңберге тұрғызу.

Шаттық шеңбер:

Үлкен шеңбер құрайық,

Алақанды ұрайық.

Күлімдесін күн де,

Күлімдейік біз де.

Алақанды ашайық,

Күннің нұрын салайық,

Таза ауаны салайық,

Жүрек жылуын салайық,

Енді бәрін қонақтарға сыйлайық.

Жұмбақ:

Аяз қысып, өрнек сызып,

Терезені торлайды.

Қарға омбығып, бет домбығып,

Сырғанап балалар ойнайды.

Айтыңдаршы бөбектерім,

Бұл қай мезгілде болады?

Балалар: Қыс мезгілінде.

Сұрақ-жауап:

Тәрбиеші: Дұрыс, балалар. Ал қазір қандай жыл мезгілі?

Балалар: Қазір қыс мезгілі.

Т: Балалар қыс деген сөзді үш тілде айтып көрейік. Менің артымнан қайталандар: қыс-зима-winter.

Т: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айтып беріңдерші.

Б: Қыста күн салқын болады, аяз болады, қар жауады, боран болады және т.б.

Т: Қыс мезгілінде неше ай бар?

Балалар: Қыс мезгілінде үш ай бар. Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Т: Қазір қандай ай?

Балалар: қазір ақпан айы.

Т: Қыс мезгілі туралы тақпақ білесіңдер ме?

Тақпақ:

Қыс айлары көңілді,

Ақ қар жапты өңірді.

Үйренеміз жалықпай,

Коньки, шаңғы тебуді. (Балалар бірге айтады)

Т: Жарайсыңдар, өте ақылды екенсіңдер.

(Тәрбиеші есік қасында хатқа назар аударады)

Т: Балалар, қараңдаршы бізге біреу хат әкелген. Кәне, ашып оқиық. Кімнен екен?

Хатты ашып оқиды: Сәлеметсіз бе! Мен Машамын. Мен туралы ертегілерден естіген боларсыңдар. Мен, қысқы орманға серуендеп барғанмын. Ал



мені Қыс ханшайымы ұстап, өзінің қарлы үйіне қамап қойды. Мында өте салқын. Үйіме барғым келеді. Атам мен әжемді сағындым. Мені құтқарыңдаршы!!!

Т: Машаны құтқарамыз ба? Қысқы орманға барамыз ба? Ертегілер әлеміне енеміз бе? Балалар. Иә!!!

Т: Балалар, ертегі сөзін үш тілде айтып көрейікші: ертегі-сказка-fairy tale. Жарайсыңдар!

Т: Ендеше, бәріміз автобуспен қысқы орманға барамыз. Кәне, кеттік!

(«Ертегілер» әні қосылып, безендірілген қысқы орман алаңқайындағы орындықтарға барып отырады)

Т: Балалар, міне біз де қысқы орманға келіп қалдық. Қысқы орман әдемі ме?

Балалар: Иә!

(Осы кезде Қыс ханшайымы алаңқайға келеді) Қыс ханшайымы (ашулы дауыспен айтады): Кім? Кім менің қарлы патшалығыма келген?

Т: Балалар, кәне, Қыс ханшайымымен амандасайық.

Балалар: Сәлеметсіз бе!

Қыс ханшайымы: Амансыңдар ма! Менің патшалығыма қайдан келдіңдер? Не істеп жүрсіндер?

Т: Қыс ханшайымы, біз Машаны іздеп жүрміз. Қыс Ханшайымы: Ха ха ха! Жалғыз өзі орманда серуендеп жүр екен. Мен оны үйіме кілтеп қойдым. Енді ол менің үйімді жинап, маған қардан дәмді тағамдар пісіреді.

Т: Балалар, орманда немесе көшеде жалғыз серуендеп немесе ойнап жүруге бола ма?

Б: жоқ.

Т: Қыс ханшайымы, Машаны кешірші, оны жіберші, ол кішкентай қыз ғой. Атасы мен әжесі жылап жатқан болар.

Қыс ханшайымы: Ммм, егер сендер менің тапсырмаларымды орындай алсаңдар, жіберемін.

Т: Балалар, тапсырмаларды орындаймыз ба?

Б: Иә!

Бірінші тапсырма:

«Жұмбақтар жасыру»

Айназ: Суда мұз бар, Жерде қар бар.

Боран боп соғады, Бұл қай мезгілде болады?

(Қыс)

Жалт-жұлт етеді,

Ұстасаң еріп кетеді. (Қар)

Перизат: Қыстағана болады,

Ұстасаң қолың тонады. (Қар)

Қолы жоқ сурет салалды,

Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз)

(Жұмбақтардың жауабын тапқан сайын, слайд-

та сызықтармен жабық тұрған шалқанның суреті ашылады)

Т: Балалар, ненің суреті шықты?

Б: шалқанның.

Қыс ханшайымы: Дұрыс, ендеше **екінші тапсырма «Шалқан» ертегісін сомдау.**

Т: Балалар, «Шалқан» ертегісін үстел үсті театры арқылы сомдаймыз. Кәне, еріктерімен айтыңдар, қай кейіпкерді сомдайсыз. (автор, ата, әже, немереқыз, күшік, мысық, тышқан)

Т: Жарайсыңдар, балалар! Ертегіні өте жақсы сомдадыңдар.

Балалар, шаршаған боларсыңдар, кәзір серігіп алайық.

Орнымыздан тұрайық.

Сергітүсеті:

Боран соғады оң жақтан,

Боран соғады сол жақтан.

Қар лақтырып ойнасақ,

Су өтеді қолғаптан.

Қыс Ханшайымы:

Жарайсыңдар, ал сендер ертегілерді білесіңдер ме?

Балалар: Иә!

Үшінші тапсырма: «Ертегінің атын тап?» Слайдта көрсетілген ертегі суретіне қарап, қай ертегі екенін айту керек.

Қыс ханшайымы: Жарайсыңдар! Ертегілерді жақсы біледі екенсіңдер, рахмет!

Т: Төртінші тапсырма мына жұмбақты шешкенде белгілі болады:

Қашып кеткен атадан,

Қашып кеткен әжеден.

Орманда кеше жүреді,

Домалап шықты алдымнан. (Бауырсақ)

Төртінші тапсырма: «Бауырсақ» ертегісін шарлар арқылы сомдау.

(Шарға кейіпкерлердің суреті жапсырылады, балалар қолдарына ұстап ойын түрінде сомдайды) Ата, Әже, Бауырсақ, Қоян, Қасқыр, Аю, Түлкі.

Т: Керемет, балалар, өте жақсы сомдадыңдар!

Енді бесінші тапсырмаға назар аударайық.

Жеке жұмыс.

Бесінші тапсырма: «Лақтарға дұрыс жол тап»

(«Жеті лак» ертегісі бойынша).

Шарты: Лақтарды анасына апаратын жолдың үстінен сызып бастыр. Егер жолдан қателессен, лақтар қасқырға барып, қасқыр лақтарды жеп қояды.

(Балалар үстел жаңына барып сызады. Бір бала тақтаға келіп көрсетіп, сызады)



Қыс ханшайымы: Жарайсыңдар, қандай ақылды балаларсыңдар. Тапсырманың бәрін жақсы орындадыңдар. Ендеше мен Машаны жіберейін.

(Есіктің арғы жағынан Машаны ілестіріп келеді)

Маша: Рахмет, сендерге балалар! Сендер көмектеспегенде не істередім. Тонып, қамауда жүрер едім. Қыс ханшайымы, сізге де рахмет. Мен енді үйімнің қасынан ешқайда кетпеймін. Балалар, сендер де орманға, көшеге жалғыз ойнап бармандар, жарай ма!? Менің сендерге сыйлығым бар, Салтанат Нағиметиярқызына берейін, ол сізге кейін береді. Мен атам мен әжемді сағындым, үйіме қайтайын. Сау болыңдар!

Т: Біздің қайтатын уақытымыз болды.

Қысханшайымы, балаларға енді ұрынба, сау бол!

Балалар: Сау болыңыз, қыс ханшайымы!
Т: Балалар, автобуспен бала бақшаға қайтайық.

(Бәрібірінің артынан бірі жүріп қайтады)

Қорытынды: Сұрақ-жауап:

Біз қайда бардық?

Кімге көмектестік?

Қандай тапсырмалар орындадық?

Сендерге оқу қызметі ұнады ма?

(Балалар жауап беріп, өз әсерлерін айтады)

Тәрбиеші: Осымен оқу қызметіміз аяқталды.

Рахмет, балалар! Қонақтармен қоштасайық.

Балалар: Сау болыңыз!

(Тәрбиеші балаларға Машаның сыйлығын үлестіреді)



**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журналының №4 (34) санын 2023 жылғы 30 қарашада шығарады. Тоқсанына 1 рет жарыққа шығатын журналға төмендегідей айдарлар бойынша материал ұсынуға болады:

1. **Тілтаным:** профессор-ғалымдардың, тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа тілдер), балабақша тәрбиешілері, жеке тұлғалардың және тіл жанашырларының еліміздегі тілдерді оқыту мәселесі, үш тұғырлы тіл саясаты, Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясы, этносаралық ынтымақтастық, татулық тақырыбындағы мақалалары, эссе, баяндамалары беріледі.

2. **Рухани жаңғыру:** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын, оның ішінде 6-бағыт «Латын графикалық жүйеге көшуді» насихаттау мақсатында мақала, баяндамалар беріледі.

3. **Тіл үйрету әдістемесі:** мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін, педагогикалық шеберлігін жетілдіруге ықпал ету, әдістемелік көмек көрсету мақсатында әдістемелік мақалалар, баяндамалар және т.б. беріледі.

4. **Үздік сабақ:** тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа да тілдер), әдіскерлердің іс-тәжірибесіндегі озық сабақтары (ҚМЖ) және қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқытудың салалық сабақ әзірлемелері беріледі.

5. **Тәрбиеші жазбалары:** мектепке дейінгі ұйымдарының тіл оқытушылары (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) мен тәрбиешілерінің озық сабақ әзірлемелері, жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған тәрбиелік, танымдық, мәдени іс-шаралар сценарийлері беріледі.

Материалдар келесі талаптарға сай болуы керек:

Мақала немесе сабақтың әдістемелік әзірлемесі, эссе, баяндама, өлеңдердің көлемі **2 беттен** көп болмауы керек. Беттің жоғарғы және төменгі жағынан 2 см., сол жағынан 2 см., оң жағынан 2 см қалдыру керек. Жазу шрифті KZ Times New Roman, Times New Roman, **кегель 12**, жоларалық ашықтық 1 пт. 2 интервалдан кейін автордың аты-жөні; бос интервалдан кейін мекеменің аты, қаласы, ауданы көрсетіледі. Мақаланың негізгі мәтіні 2 интервалдан кейін басылады. Мәтіннің соңында 1 интервалдан кейін пайдаланылған әдебиеттер тізімі (алфавиттік жүйеде) беріледі. Мәтіндегі сілтемелер тік жақшада [1:23-25] рәсімделеді. Файлды құжаттың атауы автордың фамилиясымен аталуы қажет. Кесте, иллюстрациялық сызбаларды беруде Microsoft Office бағдарламасын қолдану қажет.

Барлық материалдар талапқа сай рәсімделіп, ortaluktil@mail.ru электронды поштасына жіберілуі қажет. Баспаға материал жариялау-тегін.

Журналдың №4 (34) санына материалдар **2023 жылғы 31 қазанға** дейін мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А», №102 кабинет. Байланыс телефоны: 8 (7132) 55-83-45.

